



ЦИФРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ моделі әзірленеді

2



Жергілікті өкілді орган: МЕГАПОЛИС МӘСЛИХАТЫ

4



ҮЙЛЕНУ – ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ – ҚИЫН

Қазақтың бұл
қағидатының өзектілігі
жыл сайын артып келеді

6

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №138 (6431) 18 қараша, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК! БАҚЫТҚА БӨЛЕНГЕН БӨБЕКТЕР



Кешелі бері 20 миллионға жеттік деп алақайлап, қуанышымыз шарасынан асып-төгіліп жатыр. Иә, бұл үлкен қуаныш. Елдің, мемлекеттің, ұлттың басты қуаты – адам. Бала санына шек қоймаған қазақ үшін өсіп-өну – маңызды құндылық. Көп болған жерде бауырмалдық, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сынды қасиеттер де көптеп өнеді. Ал мемлекетті, қоғамды алға сүйрейтін, жаһандық көшке ілестіретін – сапалы, саналы ұрпақ.

«Балалы үй – базар» демекші, қазіргі күні «көп бала сүйсем» деген ақ тілеулі жас ерлі-зайыптылар көбейді. Соған орай тілек те қабыл болып жатыр. Міне, бүгін Қазақстан халқы 20 миллионға жетті!

2

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

автоматтандырылған жаңа газ тарату станциясы іске қосылды

Мегалополисте жылу электр орталықтарын газ инфрақұрылымына ауыстыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қала энергокешенін газға ауыстыру жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «QazaqGaz «ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы – «Интергаз Орталық Азия» ұйымы газ инфрақұрылымы құрылысының бірінші кезеңін аяқтады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бірінші кезеңге екі автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы және «Алматы–Байсерке–Талғар» және «Қазақстан–Қытай» магистральдық газ құбырларын біріктіретін ТІР-04 жалғастырғыш құбырлары кірді. Сонымен бірге, Батыс жылу кешені Автомат-

тандырылған газ тарату станциясына жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Автоматтандырылған газ тарату станциясын және жалғастырғыш құбырды (ТІР-04) іске қосуға арналған іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбаса-

ры Асқар Әмрин, «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Елжас Отыншиев, Алматы облысы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов қатысты.

5

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.11.2023

Түнде:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+17+19 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

19.11.2023

Түнде:

+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ЦИФРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

моделі әзірленеді

Бұл туралы Мемлекет басшысының қабылдауында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлім етті. Ол Президент тапсырмаларын орындау үшін Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғаны туралы баяндады.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, құжат аталған саланы өркендетудің стратегиялық міндеттері мен көрсеткіштерін айқындайды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары білім беру саласындағы инфрақұрылым мен цифрлық архитектураның дамуы, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кампустарының құрылысы туралы мәлімет берілді. Министрлік цифрлық университет моделін әзірлеп жатыр. Студенттер Coursera жаһандық онлайн білім беру платформасында оқу мүмкіндігіне ие болды. Қазірдің өзінде олардың 40 мыңы сертификат алды. Платформадағы 100 негізгі курсты қазақ тілінде оқуға болады.

Министрдің айтуынша, биыл қыркүйек айынан бастап Қазақстанда бакалавриат бағдарламасы бойынша стипендия мөлшері



20 пайызға, магистратура мен докторантурада 15 пайызға көбейді. Жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 160 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін, ал ұлттық университеттерде бұл көрсеткіш 228 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығы үш есе азайды.

Мемлекет басшысына Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігінде белсенді ілгерілеп келе жатқаны туралы баяндалды.

QS рейтингіне 21 жоғары оқу орны, ал Times Higher Education рейтингіне 4 университет кіреді. Жыл соңына дейін елімізде жұмыс істейтін жетекші шетелдік университеттер филиалының саны сегізге жетеді. Халықаралық компаниялармен бірлесіп, жасанды интеллект саласында кадр даярлау ісі басталды. «Мамандығым – болашағым» жобасы аясында өңірлерде кадр қажеттілігіне форсайт-зерттеу жүргізу үшін жобалық кеңселер ашылып жатыр.

Министр атап өткендей, Ұлттық Ғылым академиясының институционалдық рөлі күшейіп келеді. Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес өз жұмысын бастады. Ғалымдардың орташа жалақысы 2 есе өсіп, 252 мың теңгеге жетті. Іргелі зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары тікелей қаржыландырылатын болды. Ғылым саласының 2023–2025 жылдарға арналған жалпы бюджеті 3,3 есе артып, 643 миллиард теңгені құрады.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғалымдары тазалығы 99,5 пайыз мөлшерінде селен алу технологиясын ойлап тапты. Бұл химиялық элемент медицинада, электроникада және шыны өндірісінде кеңінен қолданылады. Осы жаңалықтың арқасында Қазақстан аталған сирек металды анағұрлым тиімді бағамен экспорттай алады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы білім беру деңгейін арттыру, инновацияларды ынталандыру және ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту, сондай-ақ студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығын азайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

● БӘРЕКЕЛДІ!

ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК!

БАҚЫТҚА БӨЛЕНГЕН БӨБЕКТЕР

(Басы 1-бетте)

АЙСҰЛТАН

Қазақстанның 20 миллионыншы тұрғындарының бірі Жетісу облысының орталығы – Талдықорған қаласында ресми тіркелді. Сол өңірдегі әріптестеріміздің хабарлауынша, Сәбидің есімі – Айсұлтан. Ол Әзімбаевтар отбасындағы 4-ші перзент. Кеше құндақтаулы жатқан Айсұлтанды және бақытты ата-анасы Диана мен Мұхтарды Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған перинаталдық орталығына арнайы барып құттықтады.

– Айсұлтан баламыздың бауы берік болсын! Айсұлтан тек сіздердің ғана емес, еліміздің мәртебесін өсіретін азамат болсын. Жаңарып жатқан Қазақстанның, еліміздің жақсылығы мен қуанышының куәгері болып, аман-есен ер жетсін. Сәбидің өзіне де, ата-анасы, сіздерге де денсаулық тілеймін, – деп ізгі лебізін арнаған облыс басшысы Президенттің арнайы құттықтап жолдаған сыйлықтарын тапсырды.

Айсұлтан балақай қалыпты 3 келі салмақпен 14 қарашада таңғы сағат 8-дер шамасында інғәлап дүние есігін ашты. Айсұлтанның 1 әпкесі, 2 ағасы бар.

– Мен Талдықорған қаласындағы №21751 әскери бөлімінде жасын аймақтағы ұшу басшысы болып қызмет етемін. Өзім Шымкент өңіріненмін, осы әскери жұмысыма байланысты Жетісу жеріне тұрақтадым. Талдықорған әскери бөлімінде қызмет етіп келе жатқаным он жылдан асты. Осы өңірде шаңырақ көтердім, балаларым осында өмірге келді. Бүгін, міне, көпбалалы болып жатырмын. Сондықтан Жетісу жері маған әрдайым ыстық, – деді көпшілікке риясыз көңілін білдірген әке М.Әзімбаев.

Жалпы, Жетісу облысында өткен 10 айда 10 527 бала өмірге келген.



(Сурет: Жезқазған қаласының әкімдігі).

ӘЛІМХАН, МУХАММАД және ЯСИНА

Қазақстанның тағы бір 20 миллионыншы тұрғыны – Әлімхан Түркістан облысы, Жетісай ауданының Асықата ауруханасында дүниеге келді. Бұл туралы жергілікті әкімдіктің баспасөз қызметі хабарлады. Әлімхан – Шакевтер отбасындағы 4-ші бала. Нәрестенің салмағы – 3400 гр., бойы 51 см. болып туған. Анасы Гүлмира Ізгілеуова биология пәнінің мұғалімі болса, әкесі Ерғалидың тұрақты жұмысы жоқ. Өзірге жас отбасы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша шалғайдағы ауылдарға баруға ниетті.

Атырау облысы әкімдігінің баспасөз қызметі де өңір басшысының 20 миллионыншы тұрғын дүниеге келген отбасын құттықтағанын хабарлады. Жұмағазиевтер отбасының бұл тұңғыш сәбиінің есімі – Мухаммад. Ол да 14 қарашада дүниеге келген. Бойы – 54 см., салмағы – 3660 гр.

Жалпы, Атырау облысында жыл басынан бері 14 мыңға жуық сәби дүниеге келген. Қуанышты күні Атырау қаласындағы бірнеше сауда орталықтарында 20 миллионыншы нәрестелердің дүниеге келуіне байланысты сүйіншілеткен концерт ұйымдастырылған.

КІЛЕН МИЛЛИОНДАР

Тақырыпқа тұздық ретінде айта кетсек, артық болмас. Алматы қаласының миллионыншы тұрғыны болып 1981 жылдың 19 желтоқсанында Бауыржан деген нәресте тіркелген. Оны әйгілі Бауыржан Момышұлының өзі барып құттықтағаны да тарихқа қатталды. Ал мегаполистің екі миллионыншы тұрғыны – Аяла Жамбыл. Ол – көпбалалы отбасындағы алтыншы сәби.

16 млн.-шы қазақстандықтың аты – Бекзат. Ал оның сыңары Перизат 15 999 999 нөмірімен жарық дүниенің есігін ашқан. Сөйтіп, 2004 жылы аяғөздік Өскенбаевтар отбасында егіз нәресте дүниеге келген.

ТОМИРИС

Ұлытау облысында да үлкен той! Онда да айтулы күні қол-аяғын бауырына алған жас ананы және сәбиді облыс басшысы Берік Әбдіғалиұлы құттықтады. Айта кетсек, бұл өңірде күніне орта есеппен 10–15 бала өмірге келеді.

20 миллионыншы болып тіркелген Томирис, анасының да жағдайы жасқы дейді. Көптің ықыласы ауған нәрестенің салмағы – 3 кг, ал

бойы – 49 см. Томирисің анасы Әйгерім Молдашева 19 жаста, әкесі Сұңғат Сейітжан «Қазақмыс» корпорациясына қызмет көрсететін «Серіктас» апаттық-құтқару қызметінде жұмыс істейді. Томирис – Сейітжановтар отбасындағы алғашқы немере.

Жалпы, Ұлытау облысында былтыр 3265 әйел ана атанса, биыл 11 айда 2700 нәресте дүниеге келіпті.



(Сурет: Ақмола облысының әкімдігі).

Ақмола облысының Бурабай ауданында 20 миллионыншы бала болып тіркелген баланың есімі – Ясина. Облыс әкімі Марат Ахметжанов ел Президентінің атынан Исеновтерді сәбидің дүниеге келуімен құттықтады. Бұл өңірде 10 айда 9604 бала дүниеге келген.

17 млн.-шы тұрғынға 2013 жылдың 16 мамырында Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында туу туралы куәлік берілген. Аты-жөні – Алтынбек Есқараұлы.

18 млн.-шы баланың есімі – Мүслима. Ол 2017 жылдың жазында Талдықорған қалалық перинаталдық орталығында салмағы 3 келі 300 грамм, бойы 51 см болып дүниеге келген.

19 млн.-шы нәресте Жания Азаматқызы Алматы облысының Іле ауданына қарасты Чапаев ауылында 2021 жылдың 20 шілдесінде түнгі сағат 2-де Алматыдағы перинаталдық орталықта дүние есігін ашқан. Ол – ата-анасының төртінші баласы.

АЙЛИН

Елімізде 20 миллионыншы болып ресми тіркелген балалар туған күні біздің ару Алматыда 110 сәби дүние есігін ашқан, деп хабарлады Almaty.tv. Олардың бірі – Айлин. Бойы 51 см, салмағы 3 кг болып туған нәрестенің де, жас босанған ананың да жағдайы жақсы дейді дәрігерлер.

Періште Айлиннің алдында отбасында тағы үш қыз бар. Сұлу қыздардың анасы Балғын Дүйсенбекова – 31 жаста.

– Негізі, босанатын күнім 25 қараша деп болжанған болатын. Бірақ бұйыртып, 20 миллионыншы тұрғындар дүниеге келген сәтті күнге, 14 қарашаға тура келіпін. Біздің де халық санын 20 миллионға жеткізуге үлес қосқанымызға, еліміздегі балалар санының көбейіп жатқанына өте қуаныштымын, – дейді Балғын Дүйсенбекова.

Айлин дүниеге келген №1 перзентханада айтулы датада 16 бөбек өмір есігін ашты.

– Еліміз үлкен белестен өтті, енді біз 20 миллионнан асамыз. Жаңа Қазақстан тарихындағы кезекті есеп басталды. Осы күні, 14 қарашада дүниеге келген әрбір жаңа туған нәрестені қарсы алуға себепкер болғанымызға қуаныштымыз, – дейді №1 перзентханының бас дәрігері Жанар Мұхамеджанова кішкентай Айлиннің анасына сыйлық ұсынып тұрып.

Жыл басынан бері Алматыда 43 мыңнан астам бала дүниеге келген.

P.S.

Есім-сойы тарих парақтарына алтын әріптермен жазылатын бақытты бөбектер аман-есен өсіп, өне берсін. Көбей, қазақ! Санымыз да, сапамыз да арта берсін!

(Жалғасы 7-бетте).

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Отандық өнім өндірушілер:

ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ШАРАЛАРЫ

Ақпарат барлық пайдаланушы үшін онлайн түрде тегін қолжетімді болады

Астанада ұйымдастырылған «Қазақстандық қамту 2.0» халықаралық форумы аясында Үкімет басшысы отандық өндірушілерді қолдаудың жаңа шаралары туралы айтып берді.

Әлихан Смайылов қазақстандық қамтуды дамыту ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Осы мақсатта қаржы бөлініп, мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.

Премьер-министр қазақстандық өндірушінің мәртебесін растайтын СТ-KZ және индустриялық сертификаттардың күшін жою жөніндегі жұмыс жайлы пікір білдірді. Бизнесің барлық сындарлы ұсынысы форум қорытындысы бойынша жинақталып, Үкіметтің одан арғы жұмысында пайдалану үшін жүйелендірілмек. «Біз «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, отандық өнім өндірушілердің бірыңғай тізілімі болады деген шешім қабылдадық. Ешқандай сертификат алудың қажеті болмайды. Өндірушілер мен олар шығаратын тауарлар туралы мәліметтер осы тізілімде онлайн түрде қолжетімді болады. Кез келген уақытта барлық мүдделі тұлға оған кіріп, қажетті ақпаратты ала алады. Осылайша біз осы сертификаттарды беру тәжірибесін тоқтатамыз. Ақпарат барлық пайдаланушы үшін онлайн түрде тегін қолжетімді болады», – деді Әлихан Смайылов.

Кәсіпкерлікті дамыту және оны қолдау – Үкімет жұмысының негізгі бөлігі

Бизнес мәселелері Үкіметте «Атамекен» палатасымен бірлесіп тұрақты түрде қаралып келеді.

Шетелдік инвесторлардың және республиканың барлық өңірлерінен 2 мыңнан астам делегат жиналған форум шеңберінде ел экономикасы нақты секторының қажеттіліктері үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді локализациялауды кеңейту мүмкіндіктері, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануды, көмір өнеркәсібін, көлік және



энергетика салаларын одан әрі дамыту перспективалары талқыға түсті.

Елімізде бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі іс-шаралар қабылдануда. Мәселен, бизнеске қойылатын артық талаптарды қысқарту үшін жаңа реттеуші саясат іске асырылуда. Қазірдің өзінде 9 мың артық талап қысқартылды. Жыл соңына дейін тағы 1 мың қысқарады.

«Тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру нәтижесінде 1 қаңтардан бастап тексерулер адами факторсыз тағайындалатын болады. Бұл, сонымен бірге, тексерулер санын 2 есеге қысқартады», – деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Өңдеуші секторлар жобалары салықтан босатылады

Сонымен қатар, салықтық әкімшілендіруді ары қарай дамыту үшін оны цифрланды-

ру жұмыстары жалғасады. Шағын және орта бизнесті салықтық ынталандыру шеңберінде биылдан бастап 4% мөлшерлеме бойынша бөлшек салық режимі енгізілді. Бұл ретте микро және шағын бизнес үшін еңбек ақы төлеу қорынан бірыңғай төлем бекітілді және оның жүктемесі 20%-ға төмендетілді. Бұдан басқа, ірі бизнес жаңа өндіру жобаларына инвестицияларды салуды ынталандыру үшін 5 жылға дейін пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

«2025 жылдан бастап жаңа Салық кодексі іске қосылады. Онда барлық өңдеуші секторларының жаңа жобалары 3 жыл мерзімге салықтардан босатылады», – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысының айтуынша, ірі кәсіпорындар өздерінің жергілікті қамтуды дамыту бағдарламаларын қабылдауы тиіс. Оның ішінде ұзақ мерзімді оффтейк-келісім-шарттар жасасу негізгі құрал болуы керек.

Спикер кадрлық қамтамасыз етуді күшейту мәселелеріне де тоқталып өтті: «Біз шетелдік мамандарды алмастыратын өз кадрларымызды оқытуымыз қажет. Бұл тұрғыда ірі кәсіпорындарымыз оқу орындарына қамқорлық жасап, содан кейін түлектерді жұмысқа алуы керек».

Форум аясында отандық өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған келісім-шарттарға қол қою рәсімі өтті. ERG, «Қазақмыс», «Қазмырыш», KAZ Minerals компаниялары сияқты ірі жер қойнауын пайдаланушылар мен қазақстандық өндірушілер арасында жалпы құны 58 млрд теңге болатын оффтейк-келісім-шарттар, ұзақ мерзімді шарттар мен меморандумдар жасалды.

Қазақстанның көлік және транзиттік әлеуеті:

ДАМУДЫ ТЕЖЕЙТІН КЕДЕРГІЛЕР

алынып тасталуы тиіс

Үкіметте өткен кеңесте көлік саласын дамытудың кең ауқымды өзекті мәселелері талқыланды.

Үкімет басшысы Президент көлік саласының ЖІӨ-дегі үлесін 9%-ға дейін жеткізу туралы нақты міндет қойғанын еске салды. Сондықтан еліміздің көлік және транзиттік әлеуетінің дамуын тежейтін барлық факторды алып тастау қажет. «Саланың

басты кедергілерінің бірі – шекарада және әуежайларда ұзаққа созылатын әкімшілік рәсімдер. Бізге осы мәселе бойынша да жұмыс істеу керек. Бүкіл Орта дәліз бойымен бір логистикалық тізбек құру үшін көршілес елдермен ақпараттық жүйелерді ин-

теграциялау жөнінде келісіміміз бар», – деді Әлихан Смайылов.

Жиында Көлік министрі Марат Қарабаев автожолдардың сақталуын қамтамасыз ету, техникалық қадағалауды күшейту, шекаралық өткізу пункттерін жаңғырту, магистральдық теміржол желісін дамыту, локомотив паркін жаңарту және түйісу нүктелері пункттерінің өткізу қуатын арттыру бойынша негізгі шаралар туралы баяндады.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Бүгінде елімізде 13 халықаралық көлік дәлізі, яғни 5 теміржол және 8 автомобиль жолы жұмыс істейді.
- Биыл реконструкциялау және жөндеу жұмыстарымен 10,7 мың шақырым жол қамтылды. Атап айтқанда, 5 жыл бұрынғы кейбір жобалар бойынша қозғалыс ашылды. Бұл – Қарағанды – Алматы, Талдықорған – Өскемен, Атырау – Астрахань, Меркі – Бурылбайтал учаскелері. Оларды толық аяқтау 2024 жылға жоспарланған, оның ішінде биыл 856 шақырым жол пайдалануға берілді.
- Жалпы алдағы жылдары ұзындығы 4,7 мың шақырымды құрайтын республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеу міндеті тұр (13 басым жоба).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

ҚАЗАҚСТАН БАСТАМАСЫ

ЖАҢА МЕРЕКЕ

20 мамыр – Дүниежүзілік метрология күні!

Халықаралық мерекелер тізіміне Қазақстанның бастамасымен дүние жүзі бірге тойлайтын жаңа мереке қосылды. Бұл қарарды Қазақстанның бастамасымен ЮНЕСКО Бас конференциясының 42-ші сессиясының Жаратылыстану ғылымдары жөніндегі комиссиясы бірауыздан қабылдады.



Әлем елдері метрологиялық стандарттардың бірлігін қамтамасыз етуге бағыт алды. Бұл – жаһандағы ең көне халықаралық шарттардың бірі саналатын 1875 жылғы Париж Метр конвенциясының қабылдануына арналған бағдар.

Комиссия отырысында сөз сөйлеген Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі Асқар Абдрахманов ұйымға мүше мемлекеттерге осы бастаманы қолдағаны үшін ризашылығын білдірді.

«Біз Қазақстанда биыл алғашқы метрологиялық мекеменің 100 жылдығын атап өткен және осы ғылымды ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейде дамытуға үлесін қосып келе жатқан метрологтар-

дың мықты кәсіби қоғамдастығының белсенділігін мақтан тұтамыз», – деп атап өтті Асқар Абдрахманов.

Ұйымға мүше 43 мемлекет еліміз бастамашылық еткен қарардың бірлескен авторы атанды. Халықаралық метрологиялық қоғамдастық атынан отырыста Дүниежүзілік салмақ және өлшем бюросының директоры Мартин Милтон сөз сөйлеп, Қазақстан мен ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттерге 2025 жылы Метр конвенциясының 150 жылдығын мерекеулеу қарсаңында метрологияны дамыту үшін қабылданған шешім үшін алғыс білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Жергілікті өкілді орган:

МЕГАПОЛИС МЭСЛИХАТЫ

Саяси әралуандылық бар, бірақ алматылықтарға неге абсентеизм тән?

Сайлауға немқұрайлы қарау дұрыс па?

Алматы қаласы әдеттегідей, биылғы сайлауға қатысу көрсеткіші бойынша тағы да көш соңында қалып қойды. Бар болғаны – 23,86%. Қазір бұған етіміз де үйреніп кетті. Десе де, қалалықтардың абсентеистік көз-қарасын түсінуге болады. Бір жағы сайлаудың әділ ететініне күмәнділер әлі де бар болып, екінші жағынан қалалықтардың басым көпшілігі жеке кәсіпкер. Әлеуметтік жағдайы жақсы болғандықтан саяси науқанға немқұрайлы қарады.

Абсентеистік, яғни саяси өмірге немқұрайлы қарау дұрыс па? Сайлауға бару не бармау әркімнің өз еркі. Дегенмен, бұл да наразылық көңіл күйді білдіретінін ұмытпаған жөн.

Мәслихат жергілікті өкілді орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган.

Қалай болғанда да, сайлау өтті. Мәслихаттың VIII шақырылымы 5 саяси партиядан жасақталды. Amanat партиясы 12 мандат алса, Respublica мен «Қазақстан халық партиясы» әрқайсысы 3 мандаттан алды. «Байтақ» 2 мандатқа, ал «Ақ жол» 1 мандатқа ие болды.

2021 жылғы сайлаумен салыстырар болсақ, жергілікті өкілді органның құрамы жаңарғанына көзіміз жетеді. Ол кезде 4 сайы партия Мәслихатқа өткен еді. Nur Otan (қазіргі Amanat) 29 мандат алса, «Ақ жол» – 4, ал «Ауыл» және «ҚХП» әрқайсысы 3 мандатқа ие болған. Партиялық тізім бойынша жинаған дауыстар жағынан өткен сайлауға қарағанда Amanat партиясының нәтижесі төмендеген. 2021 жылы 68,11% болса, биыл 51,94% дауыс жинаған. Бірақ бұл жерде бір мандатты округтар нәтижесін

Биыл 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі Мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы өтті. Халық өз таңдауын жасап, өкілді органның жаңа құрамы сайланды. Сайлаудың басты ерекшелігі аралас дауыс беру жүйесі енгізілді. Яғни 70% партиялық тізіммен, ал 30% бір мандатты округтар бойынша өзін-өзі ұсыну тәртібімен депутаттар құрамы жасақталды. Бұл үрдістен Алматы қаласы да тыс қалған жоқ. Ендеше, қалалық Мәслихаттың жұмысы жайлы ой тарқатсақ.



(Дереккөз: Мәслихат сайты)

ескеру қажет. Себебі, өзін-өзі ұсынғандардың арасында партия мүшелері бар. Мұны ескерсек, «аманаттықтар» – 24, Respublica – 5, «ҚХП» мен «Байтақ» – 3, ал «ақжолдықтар» – 2 мандаттан алған.

Басшылық құрам қалай жасақталған?

Әр комиссияны төраға басқарады, оның орынбасары бар. Олар сайланбалы қызметті

аткарады. Комиссия құрамында депутаттар жұмыс істейді. Бәрімізге төраға және оның орынбасары кім, қай партия, әлде бір мандатты округтан ба деген сияқты сұрақ қызық болуы мүмкін. Экономика, қаржы, активтер, мемлекеттік басқаруды дамыту және қоғамдық қауіпсіздік жөніндегі комиссия төрағасы – Әміржан Нәбиев, бір мандатты округ бойынша сайланған депутат. Бірақ Аманат партиясының мүшесі. Ал оның

Қандай комиссиялар бар?

Мәслихат жергілікті жердің өкілді органы. Онда тұрақты негізде 6 комиссия жұмыс істейді. Әр комиссия атауына сәйкес салаларда әрекет етеді. Олар келесідей:

1. Экономика, қаржы, активтер, мемлекеттік басқаруды дамыту және қоғамдық қауіпсіздік жөніндегі комиссия;
2. Құрылыс, сәулет, урбанистика және жер қатынастары жөніндегі комиссия;
3. Коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық мобильділік жөніндегі комиссия;
4. Кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм және экология жөніндегі комиссия;
5. Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссия;
6. Денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту жөніндегі комиссия.

орынбасары Олжас Нұралдинов, «Ақ жол» партиясының мүшесі, сондай-ақ партияның қалалық филиалының төрағасы. «Ақжолдықтардың» қаржы-экономикалық салаға мән беретінін ескерсек, партия өкілінің төраға орынбасары болып сайлануы түсінікті.

Құрылыс, сәулет, урбанистика және жер қатынастары жөніндегі комиссия төрағасы – Нұрсұлтан Шоқанов, «ҚХП» партиясының тізімі бойынша сайланған. Оның орынбасары – Бақытбек Жұмабаев, бір мандатты округ бойынша сайланған Аманат партиясының мүшесі.

Коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық мобильділік жөніндегі комиссия тәрәйымы – Зәуреш Өмірбаева, бір мандатты округ бойынша сайланған және Amanat партиясының мүшесі. Орынбасары – Ералы Сауранбаев та бір мандатты округ бойынша сайланған, Amanat партиясының мүшесі.

Кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм және экология жөніндегі комиссия төрағасы Руслан Идрисов, Republica партиясы тізімі бойынша сайланған. Орынбасары – Бейбіт Әпсенбетов, «Байтақ» партиясы тізімі бойынша сайланған. Бұл жерде де әркім өз орнында отыр. Республикалықтар кәсіпкерлік, инвестиция мәселелерін көтерсе, «Байтақ» партиясы экологиялық мәселелер туралы бастамалар көтереді.

Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссия төрайымы – Әсия Ақанова, Аманат партиясының тізімімен сайланған. Оның орынбасары – Серік Есмаев та сол партия тізімімен өткен.

Денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту жөніндегі комиссия төрағасы – Жандос Нәдіров, Аманат партиясының тізімімен сайланған. Оның орынбасары – Владимир Власов «КХП» тізімімен сайланған.

Соңымен 6 комиссияның төртеуіне «аманаттықтар» төрағалық етсе, бұрынғы коммунистер мен республикалықтар әрқайсысы бір комиссияға төраға. Ал «Байтақ» пен «Ақ жол» партиясы көш соңында келеді.



**Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.**



ЗЕРДЕ

«Алаш қозғалысы қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған құбылыс» деді академик Мәмбет Қойгелдиев. Ұлтын сүйген ұлылар» атты «дөңгелек үстел» басында. Биыл Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытулының ақталғанына тура 35 жыл толды. Аталған «дөңгелек үстел» де міне, осы тарихи оқиғаға байланысты өткізілген болатын.



**Естай
БОЖАН**

1988 жылы 4 қараша күні Алаштың үш бірдей арысы қатар ақталды. Бұл, шын мәнінде, Алаш қозғалысына қатысты бүркеулі шындықтың бетін ашқан оқиға-тын. Тек ол ғана емес, ұлт тарихын зерттеудегі сірескен сенімнің қозғалып, қиянатқа ұшыраған халықтың өткенін қайта бағалауға жол ашты. Осылайша сырт қолдар көлегейлеп жасырып-жапқан боздақтардың есімі, олардың арман-мұраты, белуардан кешкен сел кешуі ұзақ жылдан кейін халықпен қайта қауышты. Содан бері де 35 жылдай уақыт өткен екен.

Алматы қаласы музейінде өткен «дөңгелек үстел» басына алаштанушы ғалымдар мен зерттеушілер, ЖОО оқытушы ұстаздары мен Алаш тақырыбына қызығушылық танытқан студент жастар да жиналды. Сондай-ақ, Алаш мұрасын насихаттап жүрген өнерпаздар, музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері де іс-шараға қатысты. Қатысушыларға академик М.Қ.Қойгелдиевтің жетекшілігімен жарық көрген «Алаш ісі» атты кітап таныстырылды.

Кітаптың толық аты – «Алаш ісі. 1930–1932 ж.ж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары» деп аталады. Оған тікелей Алаш қозғалысына қатысты жүргізілген екі сот ісінің барлық құжаттары, тергеу материалдары, айыпту актілерінен тартып, тұтқындағы қозғалыс мүшелерінің алмасқан хаттарына дейін енгізілген. Аукымды еңбекті таныстыра отырып академик М.Койгелдиев алда «Алаш орда» деп аталатын көп томдық еңбек дайындалып жатқанын да хабарлады.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫЛАР

Алаш ардақтыларын ұлықтаған «дөңгелек үстел» өтті

«Бұл екі томдық тек Алаш қозғалысына қатысты жүргізілген сот ісінің құжаттары негізінде құрастырылды. 1927–1930 және 1930–1931 жылдар арасындағы екі сот процесінің материалдары берілген. Соның өзі де оңай болмады. Өздеріңіз білесіздер, тақырыпқа қатысты құжаттардың бәрі жабық жатты, жабық архивтерде сақталып келді дегендей. Бұл «Алаш ісі» деп аталады, ал біз 12 томдық «Алаш орда» деген жинақты дайындап жатырмыз. Онда біз Алаш қозғалысын ұлт-азаттық қозғалысы ретінде береміз. Былайша айтқанда тұтас ұлттық тәуелсіздік, мемлекеттілік үшін жасаған қозғалысы, күресі», – дейді Мәмбет Койгелдиев сөзінде.

Тізігінін Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі Райхан Иманбет ұстаған «дөңгелек үстелде» т.ғ.д., белгілі алаштанушы ғалым Светлана Смағұлова ханым, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры Бижомарт Сейсенбекұлы, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының Бас редакторы Болат Мүрсәлім, тарих ғылымының кандидаты Досалы Салқынбек, Алматы музейінің жетекшісі Бақберген Ташиев қатарлы ғылым, қоғам және БАҚ өкілдері болды. Олар кезегімен сөз алып, Алаш мұрасының бүгінгі ұрпаққа насихатталуындағы кетіп жатқан кемшіліктер, әлі де зерттелмей жатқан ұлт тарихының ақтандактары туралы тұжырымды ойларын ортаға салды. Ахаңның жамағайын туыстарының ұрпақтары да Торғайдың сәлемін жеткізіп, іс-шара ортасынан табылды. Бұдан бөлек, Алаш мұрасын насихаттап жүрген өнерпаздар іс-шараны күймен тербеп, әнмен әлдиледі. Алтай-Тарбағатай дәстүрлі күй мектебінің өкілі Аршын Қасымбай өзінің «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты күйін шертіп, іс-шараның мәдени бояуын қалыңдата түсті.

Іс-шара барысында Алаш қозғалысы мен Алаш арыстарына қатысты тарихи зерттеумен ұзақ жылдан бері айналысып келе жатқан аты белгілі ғалым, академик М.Қойгелдісиев бірқатар сұрағымызға жауап та алып едік. Оқырманға «Тақырыпқа орай» айдарымын ғалымның пікірлерін ұсына кетейік..

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ, академик:

«ТАРИХ ҚИЯНАТТЫ КЕШІРМЕЙДІ»

Алаш қозғалысы ұлт тарихында бұрын-соңды болмаған құбылыс. Француздар өздерінің Ұлы француз революционерлерін қалай бағаласа, қазақ үшін Алаш арыстары сондай бағалы. Тіпті, одан да артық кідірілі. Осы кітапқа енген құжаттардан біз Алаш қозғалысы өкілдерінің ұстанымдарын танимыз. Түрмеде бір-бірлерімен жазысқан хаттары да бар. Бұл бір жағынан Алаш арыстарының қалдырған мұрасы, сол мұра ұрпаққа, халыққа жетуі керек. Ең бастысы, Алаш қозғалысының тарихи тәжірибесі. Империя боданынан алып шығуға бағытталған қозғалыс, яғни Алаштың осы тарихи тәжірибесі біз үшін өте маңызды.

Алаш қозғалысына, Алаштың арыстарына қатысты құжаттар бір ғасырға жуық жабық жатты. Мақсатты түрде бүркемеленді. Ол дегеніміз – ұлтқа өз тарихын ұмыттыру деген сөз. Тарих қиянатты кешірмейді. Тарихын ұмыттыру, бұл – ұлтқа жасалған қиянат. Қиянаттың үлкені – ардагерлерді ұлтына қызмет етуден айыру. Алаш арыстарының бәрі, міне осындай қиянатқа ұшырады. Енді міне, Мемлекет басшысының Жарлығымен республия құрбандарын ақтау туралы комиссия құрылып, жұмыс істеліп жатты. Бұл ұлт тарихындағы осы қиянатты жойып, Алаш мұрасын өз халқына жеткізудің мүмкіндігі. Мінешіне, Алаш арыстарын ақтамау керек. Тұтасында кінәлі адамдарды ақтайды, ал ұлтқа қызмет еткен бұл тұлғалардың ешқандай кінәсі жоқ. Демек, олар ақтауды да қажет етпейді. Керісінше, бұларға тарихи баға берілуі керек. Саяси бағасын, тарихи бағасын алуы керек. Мен осы мәселе жөнінде ел Парламентіне хат та жолдадым, өткен ғасырдағы Кеңес Одағына, Алаш қозғалысына саяси тұрғыда баға берілуі керек екенін айтып жүрмін. Бірақ әлі күнге дейін мұндай баға берілмей келеді. Мінешіне, халық қаулаулары Алашқа саяси баға берудің маңызын жете түсінбейтін болса керек...



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

автоматтандырылған жаңа газ тарату станциясы іске қосылды



**Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

МЕГАПОЛИС ҮШІН МАҢЫЗДЫ КҮН

Алматы ЖЭО үшін газ инфрақұрылымы құрылысының бірінші кезеңі аясында жаңа автоматтандырылған газ тарату станциясы іске қосылды. Бұл Мемлекет бас-

шысының Алматы ЖЭО-ны газға көшіру жөніндегі тапсырмасын іске асырудағы алғашқы қадам. Кеше станцияны іске қосуға арналған іс-шарада Алматы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин атқарылған жұмысқа айрықша маңыз берді.

— Бұл Алматы тұрғындары мен қала экологиясы үшін маңызды күн. Бүгін біз «2-ЖЭО» автоматтандырылған газ тарату станциясын және станция мен ЖЭО-ны қосатын ТІР-04 жалғастырғышты іске қосамыз. Жылыту маусымында 2-ЖЭО жыл

сайын шамамен 1,5 млн тонна көмір жағып, шамамен 660 мың тонна күл өндіреді. 2026 жылға қарай 2-ЖЭО-ні табиғи газға көшіру ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемін жылына қазіргі 37 мың тоннадан 3 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл Алматы мен Алматы агломерациясының экологиясын жақсартып, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттырады, — деді Асқар Әмрин.

Қала әкімі орынбасарының айтуынша, 2030 жылға дейін өнеркәсіптік және жеке секторларға газ тартылады. Тиісті жобалар қаланы дамыту бағдарламасында және

Алматының жаңартылған Бас жоспарында көзделген. Оларды жүзеге асыру қала мен оның айналасындағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Газ тарату станциясы мен жалғастырғыштарды іске қосу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары мерзімінен екі ай бұрын аяқталды.

Асқар Әмрин жобаға атсалысқан жұмысшыларға алғыс білдіріп, Алматы мен Алматы агломерациясының тұрғындары тағатсыздана күткен қаланың ЖЭО үшін газ инфрақұрылымын құру жөніндегі ірі жобаны межелі мерзімде сәтті аяқтауды айтып, денсаулық тіледі.

ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Сала мамандарының айтуынша, «Қазақстан–Қытай» магистральды газ құбыры мен «Алматы–Байсерке–Талғар» магистральды газ құбыры арасындағы ТІР-04 жалғастырғыш газ құбыры Алматы Жылу электр орталығын ғана емес, сонымен бірге Алматы және Алматы облысының тұрғындарын да тұрақты газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Газ құбырының жалпы ұзындығы – 9,6 км, өнімділігі – 1000 мың м³/сағ.

Бұдан бөлек, «Батыс Жылу кешені» Автоматтандырылған газ тарату станциясы «Алматы» индустриялық аймағында ірі өнеркәсіптік және өндірістік бизнес-жобаларды іске асыру үшін газ жеткізуге мүмкіндік берді.

«Батыс Жылу кешені» Автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысын 2016 жылы жеке мердігерлік ұйым жүргізген, бірақ сол күйі пайдалануға берілмеген. 2023 жылы «QazaqGaz «ҰК» АҚ аталған олқылықты жойып, аталған станцияны өз қаражаты есебінен жаңғыртты. АГТС-тың өнімділігі 140 000 м³/сағ құрайды, оның ішінде станцияның екі желісі – Алматы тұрғындарына сағатына 90 000 м³ және индустриялық аймаққа сағатына 50 000 м³ газ таратады.

Атап өтерлігі, Алматы ЖЭО жаңғырту жобасын «Самұрық-Энерго» АҚ жүзеге асыруда. QazaqGaz компаниясы газ инфрақұрылымын салумен айналысады. Аталған жоба – қаладағы және қала маңындағы елдімекендердегі ауаның ластауын азайту арқылы Алматы тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталады, сондай-ақ энергия тапшылығын жоюға серпін береді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Санжар ЖАРКЕШОВ, «QazaqGaz» ҰК»
АҚ басқарма төрағасы:**

ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН САЛУ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша QazaqGaz Алматы Жылу электр орталықтарын газ инфрақұрылымына ауыстыру жұмыстарының бірінші кезеңін мерзімінен бұрын аяқтады. Бұдан бөлек, біз жылу электр орталығын газға көшірудің келесі кезеңіне өту үшін «Алматы–Байсерке–Талғар» магистральды газ құбырының екінші желісін салуды бастадық. Автоматтандырылған газ тарату станциясы №2 Жылу электр орталығын табиғи газбен қамтамасыз етуге арналған. Олардың өнімділігі 250 және 150 мың м³/сағ құрайды.



**Елжас ОТЫНШИЕВ,
«Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және
активтерді басқару
жөніндегі тең басқарушы:**

БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ ҮЛКЕН КӨМЕК

Президент Самұрық-Қазына қорына, QazaqGaz ұлттық компаниясы мен Алматы қаласының әкімдігіне аталған жобаны жеделдетуді тапсырған болатын. Жалпы, еліміздің энергетика саласы, Алматы қаласының экологиясы, орта және шағын бизнесі үшін өте маңызды жоба деп айтсам қателеспеймін. Алматы қаласының индустриалдық аймағында орналасқан бизнес субъектілеріне үлкен көмек болады.

**Нұржан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Алматы облысы әкімінің орынбасары:**

БАРЛЫҒЫМЫЗҒА ОРТАҚ СӘТТІ ҚАДАМ

Бүгінгі күн Алматы агломерациясының тұрғындары үшін маңызды күн! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өңірлерді газдандыру жөніндегі тапсырмасының аясында Алматы қаласының екінші жылу электр орталығына арналған автоматты газ тарату станциясы (АГРС «ТЭЦ-2») құрылысының аяқталуы барлығымызға ортақ сәтті қадам деп санаймын. Алматы облысының Қарасай, Іле, Талғар аудандарында орналасқан жылу электр орталықтарын көгілдір отынға ауыстыру, облысымыздың бірнеше елдімекендерінің экологиясын жақсартып, бірқатарын газбен қамтитын болады. Аталған жоба сонымен қатар «G4 City» жобасы аясында салынатын қаланы газбен қамтамасыз етеді.



● КЕРЕК ДЕРЕК

**Алматы ЖЭО-2 –
Қазақстандағы электр және
жылу энергиясын қатар
өндіретін аса ірі жылу
станциясы. Станция Алматы
қаласын жылу және электр
энергиясымен қамтамасыз
етеді. ЖЭО-2-нің белгіленген
электрлік қуаттылығы 510
МВтты, жылулық
қуаттылығы – 1411 Гкал/
сағатты құрайды.**



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● ТҮЙІН:

Жылудың және электр энергиясының негізгі көзі саналатын Алматы ЖЭО-2 жақын болашақта толығымен газға ауысатыны анық. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Аталмыш жобалар қаланы дамыту бағдарламалары мен Алматының жаңартылған Бас жоспарында да қамтылғаны белгілі. Сондықтан жоғарыда айтылып, атқарылып жатқан игі істердің барлығы қала экологиясы мен ауа сапасын жақсарту ісінде маңызы зор екені сөзсіз.



МӘСЕЛЕ

ҮЙЛЕНУ – ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ – ҚИЫН

Қазақтың бұл қағидатының өзектілігі жыл өткен сайын артып келеді

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазіргі таңда ең күйіп тұрған тақырып, ол – үйлену. Бәлкім, әр заманда да құндылығы жоғалмаған шығар. Дәп бүгінгі кезде сұрбойдақтар мен оң босағада отырғандар саны едәуір артқан. Осы тақырып төңірегінде сөз қозғағанды жөн санадық.

Біздің ата-бабаларымыз «бас екеу болмай, мал төртеу болмайды» деп тәмсілдеген. Тегі рас айтылған. Бұл тақырыпты айтпаса, мәселе етіп көтермесе, үдеп барады. Қазіргідей капиталистік қоғамда күнкөріс үшін жанталас жүріп жатыр. Екінші бірі баяғыдай қол ұстасып, алыс сапарға бара бергісі келмейді. Ең бірінші кезекте материалдық жағдай маңызды. Оған тікелей әсер етуші фактор – смартфон.

Әрбіреудің қолында смартфон бар. Бұл құрылғыны жас та, жасамыс та ұстап жүр. Оның ішінде небір ғажап пен тозақ кездеседі. Көп телмірсеңіз, жүйкені талдырады. Орнымен қолдансаңыз, жанға жайлы. Айтпағымыз, осының ішінен өзіне қажеттіні әркім көріп отыр. Соның арасында қымбат көлік, зәулім үй, шетелге саяхат, үйленген соң бал айы сынды дүниелер көптеп ұшырасады. Ал еліктемей, қызықпай көріңіз. Көптеген жастар романтикалық сөз салу, 101 қызыл раушан сыйлау, тағысын-тағыға мән береді. Қымбат тойханада той өткізу, шоу жасау – бәрі-бәрі қалтаның деңгейіне тіреліп тұр. Осыны әлеуметтік желіден көргендердің ойы өзгеретіні анық. Алайда, өмірдің бәрі қызыл-жасылды дүниеден тұрмайтын болар.

«Сананы тұрмыс билейді»

Қазақ халқының әрбір сөзі рас. Әр айтқан нақылы бүгінгі күнге дәлме-дәл келіп тұр. Ең көңілге жақыны, «сананы тұрмыс билейді» дегені бір ауыз сөзі еді. Осы қанатты сөзді қалайша дөп басып айтқан десеніңізші.

XXI ғасыр – арпалыс дәуірі. Бұл кезеңде мықтылар өмір сүріп, босаңсығандар жолда қалып жатыр. Өйткені, нарықтық экономика еркіндікке жол бермейді. Сондықтан адамдар барынша тұрмысты реттеп, оң-солын танып барып үйленуге аяқ басады.

Бір танысымыздың Scopus мақаласын дайындадық. Сонда үлгі ретінде «Қазақстандағы неке келісім-шарты» дейтін ғылыми мақаланы үлгі етіп алдық. Соның деректеріне зер салсаңыз, біздегі некелесу құжат жүзінде бекімейді екен. Еуропада алдын ала келісім-шарт түзілетін көрінеді. Егер бір ыңғайсыз жағдай туындай қалса, дүние-мүліктің жайы алдын ала шешіліп қоятын көрінеді. Соның үстіне азаматтық некеде тұрып көріп, әбден сенімнен шыққан соң барып некелесуге баратын сияқты. Сондай дерек-көздерді оқып екіұдай күйге түстік. Әрине, Еуропада қалыңмал, құдаласу, кәде-сый және т.б. деген жоқ болар. Соған қарамастан жұрт сонда да бір-біріне сенім білдіріп үйленіп, үй жай болып жатыр. Мұның бәрі тұрмыс қажеттілігінен туындап жатқан тенденция екендігі айқын. Барлық нәрсені құжатпен бекітіп, түрлі жағдаятты тұрмыстың тауқыметіне жаба беру қаншалықты дұрыс?! Ол жағын әркім өзі бағамдар.



Қалай еткен дұрыс?

Ауылдан әкемінің Қанат деген інісі келді. Алматыда бір апта емделіп, қаралып алмақшы. Екеуміз біраз әңгіме-дүкен құрдық. Ауыл-аймақтың жайын айттық. Сонында түйін үйленуге келіп тірелді. Өзінің басынан

өткен оқиғасын ортаға салды. Ол: «әрқашан әйел алдында иіліп тұрмайды, ол да өзінше жеке-дара адам, әңгіме бір-біріне деген сыйластық» деп нықтады. Маған «адамның дайын болса, көп ұзатпай, уақыт жібермей үйлен, 30-ға жетпей шаңырақ көтер, арғы жағы кештеу болады» деп түйді. Осыдан кейін түні бойы ұйықтай алмай, ой-санамыздың бәрі

тезірек отбасын құру керек шығар деген ойда болды. Оған дейін де оқта-текте ойланатынбыз. Алайда, осы жолы сөз сүйектен өткендей. Уақыт та кетіп барады. Шіркін, көңілде жүрген сүйгенің, жарың болса деген арманның желі есіп тұрады әрдайым!

Біз пендеміз! Ө, дегеннен ыңғайына құлап тұрған ешкім болмас. Оған да талпыну қажет. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, барша жағдаяттарды ойлап, соның ретін келтіруге тырысып-ақ келеміз. Негізі нағашы әжем «балам алғаның адал болсын, әуелі өзіне жақсы, бізге жайлы болса, соның өзі бақыт қой» деп отырады. Көпті көрген кісінің нені меңзегенін сеземіз.

Негізі университет қабырғасында жүргенде ешкім үйлен деп түртпектемейді. Оқу бітірдің, 25 жасқа тақадың, әркім айта бастайды екен. Барлық ағайын-туыс қалыңдық іздейді. Ата-ана екі бастан уайымдайды. Өйтеуір қыз тауып үйленудің қамын жасауға өзінен бұрын кірісетіндер жетеді. Өлбетте, әркімдер тілекші болғаны жөн. Алайда, өз теңінді тауып, үйленуге көндіріп, шаңырақ көтеріп, сүйген жарыңмен балалы-шағалы болғанға не жетсін, сол күнге жеткізсін дейміз, іштей тілейміз, әрекеттеніп келеміз!

P.S. Халқымыздың дүниетанымында «үйлену – оңай, үй болу – қиын» деген тағлым-түсінік кездеседі. Осы сөздің күдіреті жыл өткен сайын артып барады. Әрбір жан өз теңін тауып, бақытты ғұмыр кеше бергей.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анар СЕРҒАЗИЕВА, психолог:

Әңгіме – сыйластықта!

Жастар бізге көп келеді. Сұрайтын мәселесі – екінші жартысын табу. Қыздар жағы «дұрыс жігіт жоқ», ал жігіттер «дұрыс қыз жоқ» деп басына айналады. Қайткенде де, іздеген адам керегін табады. Мәселе іздей білуде. Біз керегімізді іздемейміз, сондықтан таба қоймаймыз. Бізге біреу бәрін әкеп беру керек сияқты. Жалпы, бақыт үшін күресу қажет. Қыз да, ұл да өзінше бір тұлға. Ең негізгісі, сана түйсігі. Екі адам бір-бірін мойындаған шақта түсінісу пайда болады. Ұғына білудің нәтижесі сыйластыққа апарды. Сыйластық білдіргендер татулыққа күн кешеді. Тұрмыста нендей бір кедергі шықса да, бірлесіп шешім шығаратын болады.

Әр адамда эго басым. Қазақша айтқанда, менменшілдік ырық бермей тұрады. Жігіт немесе қыздың материалдық деңгейі бірінен екіншісіне асып тұрса, өктемдікке барып қалуы мүмкін. Мұндай ситуация көбіне қаламай қосылудан немесе есеппен үйленуден шығады. Әрине, тұрмыстық қажеттілікті айтпай қала алмаймыз. Сондықтан алғаш танысып қыз бен жігіт болып сөйлесе бастаған шақта, әлеуметтік жағдай, бойдағы мінез-құлық – бәрі-бәрі жасырмай сездіру керек. Сонда ғана саналы түрде үйлесім табады.

Жастар жағдайға емес, өзара түсінісуге аса мән берген дұрыс. Сонда ғана өмірдің сәні кіреді. Отбасында бейбітшілік орнайды.

Зейнеш АЙЖАРЫҚОВА, зейнеткер:

Уақытында үйлену қажет

Менің жасым 74-ке келді. Өмірдің көбі кетіп, азы қалды. Жас кезде өмір ұзақ сияқты еді. Ештеңеге асықпайтынбыз. Өзім Қызылордада жоғары оқу орнын бітірдім. Мектепте 40 жыл мұғалім болдым. Физикадан сабақ бердім. Физикалық тартылыс күші деген болатын. Сол сияқты, бұл ғұмырда да екі адам бір-бірін тартылып тұрғаны жөн екен. Қай жерде сыйластық бар, сол жерге береке, ырыс, несібе келеді.

Бұрын жігіттің жағдайына қарамайтын. Ең бастысы, жөні түзу азамат болса болды деп танитын. Ұзатылған қыз қайтып келмейтін. Жастау кезімізде жеңгелер таныстыратын. Бірақ әркім өз қалағанын табады ғой. Біз отағасы екеуміз шаңырақ құрдық.

40 жылға жуық бірге ғұмыр кештік. Отбасында небір кикілжің болды. Дейтұрғанмен, бірлесіп үй салдық, бала-шаға, немере өсірдік. Ол кісі жүк көлігін жүргізді. Тоқырау жылдары егін екті. Мен жазғы демалыста базарда сауда жасадым. Сөйтіп, ғұмыр кешіппіз. Жағдайға қарап жүрсеңіз, ешқашан іс өнбейді. Тіпті, қу тізені құшақтап өтуге де болады. Ондайdan сактасын. Әркімнің тағдыры әртүрлі, бірдеңе деу қиын. Алайда, шырақтарым, өз теңінді тауып, уақытында шаңырақ көтергенге ештеңе жетпейді. Жалғыз тыраштанғанша, бірге тездетіп жетістікке жеткен абзал.

Елжас МҰРАТБЕК, PhD докторанты:

Бақыт үшін күресу керек

Үйленбеген адам өзін жалғыз сезінеді. Қатарластарымыздың көбісі үйленді. Жасымыз 27 жасқа келсе де, асықпаппыз. Бакалавр, магистр, докторантура деп оқу оқып жүре беріппіз. Сөйтіп отырып осы жасқа жетіппіз.

Өзім мектеп оқып жүрген шақта мансап жасауды көздедім. Ауылды жерде тұрдық. Тұрмыс жағдай онша болмады. Соны көріп-біліп, Түркістан, Алматы сияқты ірі қалаларға қарай ұмтылды. Ойымыз – жағдайды жақсарту. Біраз бұрын үйлі болдық. Ипотеканы да ештеңе төлеп келеміз. Оқу жайымен жүріп жатыр. Бәріне шүкір! Алайда, үй де ханымын іздейтін көрінеді. Оны есіктен аттаған сәттен бастап сезіне бастайды екенсіз. Кешеді, ойын-сауық отауларында жас отбасылар сондай жарасымды болып, балаларымен бірге қыдырып жүреді. Сырттай сүйсініп қарайсыз, іштей сондай болсам деп армандайсыз. Бәлкім, бұл үйленетін уақыт келді деген белгі болар. Кім білсін?!

Бойдақ жүре берсең, үйленбеген достарың азая береді. Жақында ең жақын досым сүйгеніне қосылды. Арал қаласында тойын өткізді. Екеуі де мұғалім. Алматыда үйлері бар. Кейде ішімнен «мырза, сіздікі не жүріс?!» деп өз-өзімді қамшылап қоямын. Өзімізге лайықты жанды үнемі іштей тілеп жүруші едім. Мың тәубе, жаныма жақын жанмен тілдесе бастадық. Арты жақсылыққа ұласып той болса деген ниеттеміз. Бір сөзді ғаламтордан көзім шалды. Яғни «бақыт үшін күресу керек» дейді. Бізде сол бағыттамыз, аяндап мақсат-мұратқа қарай беттеп барамыз. Ісіміз оң болсын. Жаратқан Ием жар болғай!





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК!

Бақытқа бөленген бөбектер

Мемлекет басшысы отандастарымызды
ақжолтай жаңалықпен құттықтады

2023 жылғы 14 қарашада Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетті. Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 2023 жылғы 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да еліміздің әртүрлі аймақтарында бір уақытта дүниеге келген бес бала 20 миллионыншы азамат ретінде анықталды. Қазақстанның мерейлі азаматтары Ұлытау және Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келген. Олардың ішінде 3 ұл және 2 қыз бар.

Ел өміріндегі осынау маңызды статистикалық дерекке орай Президент барша қазақстандықтарға құттықтауын жолдады.

— Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы — бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Х парақшасына.

Тағы бір жағымды жаңалық, осы аптада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі:

ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ ҚАЛЫПТАСТЫ Президент өте маңызды заңға қол қойды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында Президент қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жайлы пікір білдіріп, жазба қалдырды.

«Мемлекет басшысы өте маңызды заңға қол қойды. Бұл — Ұлттық қордан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері туралы құжат. Осылайша Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау алдындағы бағдарламасында көрсетілген негізгі бастаманың бірі — «Ұлттық қор — балаларға» атты жобаны жүзеге асырудың заңнамалық негізі қалыптасты. Енді келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызы жас жеткіншектердің арнаулы есеп-шотына аударылады. Балалар көмелет жасына толған соң, бұл қаражатты тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға жұмсайды. Президент осы заңға халқымыздың саны 20 миллионға жеткен күні қол қойды. Мұның символдық мәні бар деуге болады», — деп жазды Мемлекеттік кеңесші.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Максат ТҰРЛЫБАЕВ,
ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының
басшысы:

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ИНТЕГРАЦИЯСЫ мерейлі көрсеткішті аз уақыт ішінде анықтауға мүмкіндік берді

20 миллионыншы азаматтың туған күні барлық қолда бар демографиялық оқиғаларды, елімізде туғандар мен келгендердің санын және қайтыс болғандар мен кеткендердің санын ескере отырып айқындалды.

Биыл 1 қарашада Бюро халық саны туралы мәліметтерді жариялады, ол осы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 19 967 964 адамды құрады. Яғни 20 млн дейін 32 мыңнан астам адам жетпеді. Осылайша Бюро әкімшілік көздермен жасалатын интеграция және халықтың ай сайынғы өсуінің орташа қарқынын ескеріп, 20 миллионыншы азамат қараша айында болатынын жариялады. Бұған дейін деректер қолмен өңделіп, қосымша уақытты қажет ететін. Ақпараттық жүйелердің интеграциясы бұл процесті жеделдетуге және мерейлі көрсеткішті аз уақыт ішінде анықтауға мүмкіндік берді. 13 қарашадағы жағдай бойынша біз миллиондық көрсеткішке жету үшін 277 адам қалғанын анықтадық. Бұдан әрі 14 қарашадағы халықтың табиғи қозғалысы мен көші-қоны бойынша келіп түскен деректерді ескере отырып, біз миллионыншы азаматтың туған уақытын анықтадық.

Жалпы демография динамикасына сәйкес, тәуелсіздік алған жылы Қазақстан халқының саны 16,4 миллион адамды құрады. Содан бері ел халқының саны 22-ден астам пайызға өсті. Өңірлер бойынша халықтың ең көп өсуі Шымкент қаласында, Түркістан және Маңғыстау облыстарында байқалды — 22–24%.

Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихында бала туудың ең жоғары мәні 2021 жылы тіркеліп, 446 мың баланы құрады. Ал көші-қонның ең жоғары оң сальдосы 2006 жылы болды. Биылғы жылдың деректеріне сәйкес, тоғыз айда дүниеге келгендер саны 291 мың адамды құрады. Осылайша халықтың табиғи өсімі 194,8 мың адамды құрады. Бұл орта есеппен бір айда 22 мың адам немесе күніне шамамен 750 адам деген сөз. Сондай-ақ, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша оң сальдо қалыптасты, яғни елімізге тұрақты тұруға сыртқа кеткеннен гөрі көп адам келген. Облыстар бөлінісіндегі халықтың қазіргі саны бойынша тұрғындардың ең көп саны Түркістан облысында — 2,1 млн, Алматы облысында — 1,5 млн, Жамбыл облысында — 1,2 млн адамды құрап отыр.



Ләззат ИБРАГИМОВА,
«Отбасы банк» АҚ Басқарма
төрайымы:

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА

«Отбасы банк» еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанған балалардың болашағына өз үлесін қосқысы келеді.

Біз оларға әрқайсысы 2 млн теңге номиналдық құны бар сыйлық сертификатын сыйлаймыз. Бұл сертификат жай ғана сыйлық емес, ол — жарқын болашаққа жолдама. Бұл қаражат жеке баспана сатып алудың алғашқы қадамы болады. Сертификатты қолдану үшін балалардың ата-аналары өз қаласындағы банк бөлімшесіне келіп және видеобанкингпен жеке куәлігін, баланың туу

туралы куәлігін көрсету керек. Бұл үшін ата-аналарға 3 ай уақыт беріледі.

«Ұлттық қор балаларға» жобасы аясында балалардың жинақталатын қаражатын пайдалануға болатын мақсаттардың бірі — баспана алу. Осы ретте қазірдің өзінде Қазақстанда бала дүниеге келісімен оның атына тұрғын үй жинақ шоттарын ашатын ата-аналар жеткілікті. Балаларының болашақ баспанасына қаржы жинақтауға ерте кіріскен ата-аналардың көбі — Шымкент қаласының тұрғындары. Онда 1 жасқа дейінгі балалардың атына тұрғын үй жинақтарына арналған 679 депозит ашылған, одан кейін Алматы — 642 және Астана — 531 депозит. Қазіргі уақытта «Отбасы банкінде» балаларға арналған 299 579 депозит бар.

Оның ішінде 5 жасқа дейінгі балаларға 50 140 мыңнан астам жинақ шоттары ашылған. Ал 1 жасқа дейінгі ең кішкентай клиенттердің атына 12 мың 721 депозит бар.



Ербол ОСПАНОВ,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі:

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ Ел бойынша 2,5 млн-ға жуық балалы отбасы жәрдемақы алады

Мемлекет тарапынан бөлінетін 7 түрлі жәрдемақы бар. Оған мемлекеттік бюджеттен 2023 жылы 1,3 трлн теңге бөлінді.

Бірінші кезекте, әйел азаматтың жүктілігі мен босануына байланысты жәрдемақы, жалпы жәрдемақының орташа көлемі 1,2 млн теңге, бұл — бір реттік төлем. Сонымен қатар, баланың тууына байланысты жәрдемақы болады. Ол республикалық бюджеттен және әлеуметтік сақтандыру қорынан беріледі. Мысалы, 2022 жылы 470 мың жанұяға төленген. Кемінде төлемақы мөлшері 131 мың теңгені құрайды. Биыл жоспар бойынша 420–430 мың азаматқа төленеді деп көзделген.

Бала күтімі бойынша, көпбалалы отбасыларға, қиын жағдайға тап болған отбасылардың балаларына да мемлекет тарапынан қолдау қарастырылған. Маңызды бағыттардың бірі — көпбалалы отбасылар, көмелеттік жасқа толмаған 4 және одан да көп бала тәрбиелеп отырғандар. Мемлекет тарапынан әр балаға 13800 теңге беріледі және баланың санына қарай ай сайын төленеді.

Көпбалалы отбасылар — 540 мыңға жуық жанұя. «Алтын алқа», «Күміс алқамен» нағрадалған аналар бар, 6-7 бала тәрбиелеп өсірген. Бұл санатқа да ай сайын 25 мың теңгеге дейін қаражат төленеді. Өмір бойы төленеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: t.me/aqorda_resmi; ortcom.kz).



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

Бұл жолы Алматы облысының 60 шаруа қожалығы өнім әкеледі

18-19 қарашада сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін Алматы облысының 60 шаруа қожалығының қатысуымен кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңкеде 40-тан астам өнім түрі (ет, сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, өсімдік және жануар майы және т.б.) ұсынылады. Өнімнің жалпы көлемі – 150 тонна, оның ішінде ет – 25 тонна, жеміс – көкөніс – 100 тонна, сүт – 10 тонна, балық – 5 тонна, өзгелері – 10 тонна.

Алматылықтар бұл өнімдерді Шевченко көшесіндегі «Шоқан Уәлиханов» алаңы, Қонаев көшесі мен Пушкин көшелері арасындағы мекенжайдан ала алады. Сонымен қатар, демалыс күнгі ауылшаруашылық жәрмеңкелері қаланың мына аудандарында да өтеді:

1. Гоголь-Масаншы көшесі (Алматы ауданы);
2. «Қазақфильм» шағынауданы (Бостандық ауданы);
3. Абай даңғылы мен Өтеген батыр көшесінің қиылысы (Әуезов ауданы);
4. Меңдіқұлов көшесі мен Бектұров көшесінің қиылысы, Шевченко көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысы (Медеу ауданы).

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ЭКОНОМИКА

ЖАҒЫМДЫ ДИНАМИКА

Алматыда 10 айда өнеркәсіп өндірісі 18,9%-ға өсті

Алматы қаласының Экономика басқармасы мамандарының хабарлауынша, ағымдағы жылдың қаңтар-қазан аралығында мегаполистің қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 13,1%-ға өскен. Жағымды динамика сауда, өндеу өнеркәсібі, құрылыс салаларында байқалады.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Мәселен, өнеркәсіптік өндіріс саласында 1639,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 18,9%-ға өсті. Өндеу өнеркәсібі 18,6%-ға өсті. Құрылыс саласындағы көрсеткіштер 1,9%-ға өсіп, жыл басынан бері 1860,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, экономика өсімінің драйверлері 19,9%-ға өсті.

Сауда 14,5%-ға, оның ішінде бөлшек сауда 7,1%-ға және көтерме сауда 17,2%-ға көтерілді. Байланыс қызметтері 3,1%-ға артты.

Сыртқы сауда айналымы (ЕАЭО елдерінсіз) 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында 29,9% өсіп, 18,6 млрд АҚШ доллары болды. Экспорт 21,8% өсіп, 3,4 млрд АҚШ долларын, импорт 31,8%-ға артып, 15,2 млрд АҚШ долларына жетті.

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА жеке инвестициялар 10,9%-ға өсті

Ағымдағы жылдың 10 айында Алматы қаласы бойынша негізгі капиталға инвестициялар 4,2%-ға дейін өсіп, 1,2 триллионды құрады. Бұл ретте жеке инвестициялар 10,9%-ға, 1073,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Өнеркәсіптің басым салаларын дамытуға арналған және құрылған Индустриалды аймақ қарқынды дамуда. Олардың ішінде: машина жасау, тамақ, жеңіл, фармацевтика, химия өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіру салалары.

Бүгінде Алматының Индустриалды аймағында 8515 жұмыс орны ашылған және жалпы сормасы 210,4 млрд теңге болатын 26 инвестициялық жоба іске асырылуда. Ағымдағы жылдың соңына дейін Индустриалды аймақта 389 жұмыс орны ашылады және жалпы құны 8,1 млрд теңге болатын тағы 6 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. 2025 жылы



1,5 мың жұмыс орны құрылып, жалпы құны 100 млрд теңге болатын Changan, Chery, Navai жеңіл автомобильдерін шығаратын мультибрендтік зауытты іске қосу жоспарланған.

ТАЗАЛЫҚ

ҚОЛДАНУҒА ЫҢҒАЙЛЫ

Алматыда тереңдетілген үлгідегі ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер орнатылды

Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы тереңдетілген үлгідегі ҚТҚ жинауға арналған контейнерлерді ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бүгінде мегаполистің Әуезов, Бостандық, Наурызбай аудандарында 214 жаңа контейнер орнатылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

3 текше метрлік бұл контейнерлер қолдануға ыңғайлы, эстетикалық келбетке ие, кез келген климатқа бейімделген. Тығыз жабылатын қақпақтың арқасында жаңбыр мен қардың ішке енуі, қалдықтардың жинақталуы, жағымсыз иістің таралуы мүмкін емес. Ең бастысы, мұндай урналарға құстар мен жануарлар жоламайды.

Еске салсақ, Алматыда тереңдетілген контейнерлер алғаш рет 2012 жылы орнатылды. Алғашқы үлгілер қорғаныш жабыны жоқ қара металдан жасалды. Ұзақ пайдалану



салдарынан мұндай контейнерлер коррозияға ұшырады әрі жайсыз жағдайлардың болуы мүмкіндігін тудырды (ҚТҚ түсіру кезінде қоқыс шығаратын ұйымдардың қызметкерлерінің жарақат алуы, аулалардың санитарлық жағдайының нашарлауы және т.б.) және оларды ауыстыру қажет болды.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 40 жоба іске асырылып жатыр. Бұған дейін де аудан көлемінде аталмыш жоба аясында алғашында – 17 жоба, сосын екінші кезеңде – 23 жоба жүзеге асқан еді. Дәл қазіргі таңда аудан аумағында 1,72 млрд теңге бөлінген 40 жоба қызу қолға алынды.

Бұл жобалардың аясында «Кемел» ықшамауданы, Рысқұлов даңғылы – Гастелло көшесі бойындағы аулалар, скверлер мен парктерді абаттандыру, «Құлагер», «Көкжиек», «Көкмайса» ықшамауданында тұрған қоқыс контейнерлерін жер астына орналастыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жобалар осы жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс. Сонымен қатар, тұрғындардың өтініштері бойынша 34 жерүсті жауу жүргіншілер жолы жасалды.

Сондай-ақ, қазір «Көкжиек» ықшамауданындағы саябақ аймағын абаттандыру («Еңбек» ЖШС) және Есентай өзенінің бойымен Черновцкая көшесіне дейін жағалау аймағын ұзарту жұмыстары жалғасын тапты, бұл жобаны «АГРОПРОМЭНЕРГОСНАБ-1» ЖШС жүргізіп жатыр.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету де ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан адам ең көп жиналатын орындарда бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту қолға алынды. Қазір осы жоба аясында тағы да 750 бейнебақылау орнатылып жатыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ЕРЕЖЕГЕ САЙ КЕЛУІ ҚАЖЕТ

Достық үйінде «Алматы қаласындағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарындағы қазандықтар мен қысымды ыдыстарды қауіпсіз пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету» тақырыбында жиын өтті.

Жиынға Алматы қаласындағы коммуналдық инфрақұрылым басшылары, білім басқармасы, денсаулық саласының және мектеп, балабақша өкілдері, жетекшілері қатысты. Іс-шара мақсаты – апаттық жағдайдың алдын алу, экспертизадан өткізу, жылуға жауапты мамандардың жауапкершілігін арттыру, жылу қазандықтың ауыстыру, өзгерту бойынша жобалық сметалық құжаттарын реттеу, құзырлы органдармен келісу, газ жүйелері, коммуналдық инфрақұрылымға қарасты жылу жүйесінің қыс маусымына эзірлігін пысықтау және т.б. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин Алматы қаласындағы коммуналдық инфрақұрылымның қазіргі ахуалы, жасалып жатқан істер, жылу қазандықтарының жағдайы және т.б. мәселелерді ортаға салды.

«Біз Алматыдағы коммуналдық инфрақұрылым жағдайына қатысты жұмысты жақсарту, өрескел қателіктерге жол бермеуге тиіспіз, шаһардағы қазандықтар барынша белгіленген талаптарға сай келуі тиіс. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы еліміздің кейбір аймағында жылу қазандықтары бойынша проблемалар орын алды. Қазір газ жүйелерінің де бүгінгі ахуалы бағдарда ұсталады. Сонымен бірге, осындай аталған жағдайлардың бәрі пысықталды», – деді Нұрбол Қабдулбарұлы.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мемлекеттік инспекторы Рақымберген Нұртас коммуналдық инфрақұрылым бойынша қолдану ережелерін түсіндірді.

«Қаладағы қазандықтар ережеге сай келуі қажет. Сондай-ақ, кез келген қазандыққа қатысты өзгерту, кеңейту және т.б. мәселелер eGov порталы арқылы келісілуі қажет. Көптеген мектептер мен денсаулық сақтау мекемелеріндегі қазандықтар барынша ережеге сәйкес, дұрыс жұмыс істеп тұрғаны жөн. Заң жағынан құжаты түгел болған дұрыс», – деді ол.

«Коммуналдық инфрақұрылым жағдайына қадағалау жүргізу маңызды болып есептеледі. Қазандықтардың жай-күйі, құрал-жабдықтары, техникалық құжаты бойынша белгіленген мерзім өз уақытынан аспауы тиіс. Кейбір қазандықтар жақсы күтіліп қолданылған болып шығады. Техникалық қауіпсіздікті де басты назарда ұстаған абза», – деді «ҚазПромЭкспертиза» ЖШС тәуелсіз сарапшысы Еркін Ақжолов.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



ЗАМАНАУИ ТРОЛЛЕЙБУСТАР

электр қуаты өшіп қалса,
батареямен жүре береді

№1 Алматы троллейбус паркі ұзындығы 12 метр болатын төмен еденді Yutong ZK6128BEVG троллейбустарының бірінші партиясын алды. Жылжымалы құрам осыдан 11 жыл бұрын жаңартылған болатын. Сол кезде қала қытайдың Neoplan Youngma маркалы троллейбустарының үлкен партиясын алған еді. Ұзақ уақыт пайдаланғандықтан олардың тозығы жетті.

Бүгінгі күні Алматыға 55 троллейбус жеткізілді. Биылғы 18 қарашадан бастап №1, №9, №12, №5, №11, №25, №7, №19, №6 бағыттарда 19 жаңа жылжымалы бірлікті іске қосу жоспарлануда. Қалған троллейбустар техникалық дайындықтан өткен соң желіге шығарылады.

Жаңа «Ютонгтар» жолаушылардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысы үшін қажетті барлық заттармен жабдықталған. Электр қуаты өшіп қалса да, бұл троллейбустар кіріктірілген батареямен жүре береді.

90 орынды кабинада бейнебақылау жүйесі, телефондарды зарядтауға арналған USB қосқыштары және қуатты кондиционер бар. Кабинада заманауи электроника ор-

натылған, оның ішінде жүргізушінің әрекетін тіркейтын борттық жазғыш бар.

Төтенше жағдайда троллейбус автоматты өрт сөндіру жүйесімен және шұғыл қызметтерге қоңырау шалу түймесімен жабдықталған. Автоматты құрылғы жолаушылардың жайлы отыруларына, оңай түсулеріне, қауіпсіздіктеріне ықпал етеді.

Жаңа көлікті сынап көрген жүргізушілер оның маневрлік қабілетінің жоғары екенін айтып отыр. Бұл Алматы көшелерімен жүруге өте ыңғайлы.

Троллейбустардың барлық партиясы биыл жыл соңына дейін жеткізіледі.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

СУРЕТПЕН БЕРІЛГЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



Әлімхан Смағұловтың шығармашылық мұрасын заманға сай қайта жаңғырту арқылы ұрпаққа ұлттық тәрбиені терең сіңіруге болады. Мұндай ойды Алматыдағы №64 мектепте өткен іс-шарада өнертанушылар ортаға салды.



Естай
БОЖАН

Алматы қаласындағы №64 ЖББМ мектеп ішінде қазақтың әйгілі қылқалам шебері Әлімхан Смағұлов шығармаларына арналған көрмесін өткізген болатын. Бұл іс-шара Алматы жастарына арналған Students week фестивалі аясында ұйымдастырылған еді.

Іс-шара аясында Әлімхан Смағұлов мұраларын тақырып еткен кездесу де ұйымдастырылды. Оған суретшінің мұрасын насихаттаушы өнер жана-

шырлары, сондай-ақ суретшілер мен өнертанушылар қонақ ретінде қатысты. Олар мектеп оқушыларына Смағұлов мұраларының терең мәнін түсіндіріп, жастарды ұлттық өнер туындыларының ерекшелігімен таныстырды.

– Қазақ графикалық өнері десе, есімізге Әлімхан Смағұлов түсері анық. Суретшінің мұрасы, өнерге қосқан үлесі ұмытылмасы үшін туындыларын оқушыларымыз бен жалпы Алматы жастарына таныстыру мақсатында мектебіміз осы көрмені өткізіп отыр», – деді №64 ЖББМ директоры Сұлтан Айтбаев.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

«САПАЛЫ ӨНІМ»

тұтынушылар құқығын қорғайды

Алматыда құқығы бұзылған тұтынушыларға шамамен 190 миллион теңге қайтарылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл деректерді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев айтты.

Қазіргі уақытта сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау желісі бойынша жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты 271 хаттама жасау түрінде әкімшілік сипаттағы шаралар қабылданды.

Спикер журналистерге Сауда және интеграция министрлігінің «Сапалы өнім» әлеуметтік жобасын іске қосқаны туралы хабарлады. Бұл жоба отандық өндірушілерді және ішкі нарықты қауіпті және сапасыз өнімдермен қамтамасыз ету, оның ішінде тұтынушылардың құқығын жан-жақты және тиімді қорғау, жалпыұлттық мүдделерді іске асыру үшін үкіметтік емес секторды тарту мақсатында әрекет етеді.

– Сатушылар тұтынушыларға толық құқығы бар нәрседен бас тартып, ха-

лықтың заңнан хабарсыздығын жиі пайдаланады. Мысалы, егер сіз түбіртексіз келген болсаңыз, сапасыз өнімді қайта алудан бас тартады. Сондай-ақ, тұтынушылар көбінесе жосықсыз сатушылармен кездеседі: пошта арқылы тұтынушы тапсырыс берген тауардың орнына басқасы келеді немесе сапасы жарнамада немесе интернет-сайтта айтылғандарға сай болмай жатады, – деді департамент өкілі.

Нұрлан Әбдиев тауарларды онлайн сатып алу кезінде дүкен туралы ақпаратты мұқият зерттеуге шақырды. Егер тұтынушы ірі және танымал компанияның сайтымен тапсырыс беретін болса, өзіңіздің браузеріңіздің мекенжай жолына ресурстың мекенжайын дұрыс жазғаныңызға көз жеткізу керек. Қажет болған жағдайда дүкен әкімшілерінен заңды тұлға туралы ақпарат беруді, оны салық органдарының жалпыға қолжетімді дерекқорларымен заңды тұлғалардың тізілімін қолдана отырып тексеруді талап ету керек.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана РОМАНОВСКАЯ, «Ұлттық тұтынушылар лигасы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті:

Тәуелсіз сараптама керек

Ұялы байланыстың сапасыз екенін оны басқа телефон арқылы видеоға түсіріп алып, ол ақпараттың бәрін нотариалды тұрғыда бекітіп, оны кейін сотқа дәлел ретінде ұсынуға болады. Иә, бізде ұялы байланыс пен интернет қызметтерінің сапасын тексеретін тәуелсіз сараптама жоқ. Алматылықтар ғана емес, қазақстандықтар да ұялы байланыс пен интернет байланысының нашарлығына жиі шағымданады. Ватсап немесе телеграм желілеріне қарағанда ұялы байланыс арқылы қоңырау шалу қиынырақ болатын кездер бар. Біз бұл мәселені көтеріп келеміз, тәуелсіз сараптама жоқ, сот прецеденттері болмайды. Шағымдар бойынша біз медиативтік тәртіппен келісімдер жасаймыз. Ұялы байланыс операторлары моральдық зиян ретінде тікелей тұтынушыға ақшаны қайтарған мысалдар бар. Өйткені, адам ауырып жатқан анасына хабарласа алмаған. Мұны тұтынушылар негіздей алды. Бұл үлкен сома емес еді, бірақ бұл жерде тұтынушы құқығы сөз болып отыр.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТІРТІП

«НАРКОСТОП»

Енді есірткі жарнамасымен кибер-волонтерлер күреседі

«Наркостоп» жобасының жетекшісі Нұржан Жакуповтың айтуынша, кибер-волонтердің міндеті – тыйым салынған препараттарды жарнамалау белгісі бар сілтемелер мен хабарландыруларды анықтау және бұл ақпаратты құқық қорғау органдарына беру.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Дамыған технология дәуірінде есірткінің таралуы, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы да белең алып барады. Facebook желісіндегі есірткі сататын дүкеннің жарнамасы бар скриншоттарды бізге жіберген болатын. Қазір әртүрлі сайттар арқылы жастарды есірткіні таратуға тарту жағдайы жиі кездеседі. Бұл қалай болады? Алдымен айлығы жоғары курьер жұмысына хабарландыру ілінеді. Әдетте мұндай бос жұмыс орындары студенттерге қолайлырақ. Жұмыс берушімен байланыс орнаған соң, есірткі дүкендерінің кураторлары жұмыстың мәні курьердің әдеттегі жұмысынан сәл өзгеше екенін және бұл есірткінің таралуын қамтитынын айтады. Сосын жұмысқа полиция араласады, олар өз кезегінде тергеу жүргізіп, құқық бұзушыларды жауапқа тартады», – деді ол.

Болашақ кибер-волонтерлерге арналған курсты әзірлеушілердің айтуынша, бұл үшін арнайы дағдылар қажет емес. Кибер-волонтер болу үшін «Наркостоп» жобасының әлеуметтік желідегі @narkostopkz парақшасына жазсаңыз болғаны.

«Курста оқу қысқа мерзімде өтеді. Бұл жұмыс белгілі бір уақытты бөлуді талап етпейді, адам белгілі бір сілтемелерді бақылап, анықтауға 5–10 минут немесе 2–3 сағат бөле алады. Ал біз өз кезегімізде алынған ақпаратты әрі қарай тергеу үшін құқық қорғау органдарына жібереміз», – деді Н.Жакупов.

Жастар арасында есірткі қылмысының алдын алу шараларына қатысты «Наркостоп» жобасының волонтерлері Алматы полициясымен бірлесіп, бірқатар іс-шара өткізуде. Ғимараттардың қабырғасындағы жарнамаларды бояумен қатар, мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері мен олардың ата-аналары үшін арнайы дәрістер



өткізіледі. Осы және басқа да шараларға 3000-нан астам адам қатысты.

«Биыл полиция департаментімен бірлесе отырып, 100 мыңнан астам қабырғалардағы жарнаманы боядық. Осыған ұқсас 200-ден астам іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, біз интернетте және теледидарда есірткіге қарсы контент дайындадық. Қазақ тілінде есірткінің зияны туралы ақпарат аз екенін ескеріп, осы мәселеге көңіл бөлдік», – деп атап өтті «Наркостоп» жобасының жетекшісі.

Алматы қаласы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Дәурен Көбеев хабарлағандай, қалада фармацевттер арасында іздестіру шаралары жүргізілуде.

«Осы аптада медициналық, есірткілік, психотроптық заттардың, сондай-ақ прекурсорлардың таралуын болдырмауға бағытталған «Дәрмек» оқу-өндірістік іс-шаралары өткізілуде. Жедел іздестіру шаралары фармацевтикалық бақылау қызметімен бірлесіп жүргізіледі. Сондай-ақ, наурыз айында «трамадол» дәрі-дәрмектің жиынтық кестесіне енгізілгенін, яғни тегін алуға болатынын, тіпті дәрігердің рецептімен оны жәй ғана сатуға болмайтынын атап өткен жөн», – деп түйіндеді сөзін Д.Көбеев.



ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІК

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Ана үйі» қоғамдық қоры мен соның жанынан құрылған Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттік өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті. Олар қамқоршылық рәсімі, асырап алушы ата-аналардың мектебі және асырап алынған балалардың жаңа отбасына қалай бой үйрететіні туралы айтты.

Ұлттық агенттіктің негізгі мақсаты – балалардың отбасында тәрбиеленуіне дәнекер болу. Осы мақсатқа жету үшін агенттікте бала асырап алғысы келетін болашақ қамқоршылар, отбасылар арнайы курстан, оқудан, дайындықтан өтеді.

«Ана үйі» ҚҚ Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттігінің басшысы Фарид Рахметова атап өткендей, арнайы оқу кезінде үміткерлер бала асырап алуға әлі де дайын еместігін, өздерінде ресурстардың жоқтығын түсініп жатады. Негізінен, үміткерлер көбіне асығыс шешіммен келетін көрінеді, олар баланың өмір сүріп жатқан ортасына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар екенін ескере бермейді. Сондықтан «біз тіл табыса алмадық» деп ол баланы кері әкеліп тастаса, бұл бала үшін де өте үлкен соққы болары сөзсіз.

Ата-аналар мектебінде оқу 3,5 ай өтеді және ол тақырыптық сабақтардан тұрады. Осы уақыт ішінде үміткерлер мамандармен жұмыс істейді, оларға кеңес береді, маңызды сұрақтарға жауап береді, нәтижесінде олар өздерінің мүмкіндіктері мен ресурстарын біледі. Мектепті бітіргеннен кейін үміткерлерге осы дайындықтан өткені туралы сертификат беріледі. Орталық мамандары бала асырап алған отбасыларды тағы үш жыл бақылайды.

«Балалар үйінен шыққандар – ерекше бала. Оның өз қиындығы, өзінің басынан кешкен оқиғасы бар, ол соның бәрін жасына қарамастан, өзін асырап алған отбасына ала барады. Оның асы-



рап алған отбасына үйренісуі үшін жақсы дайындық қажет. Біздің мектептің мақсаты мен жұмысы – ата-аналарды балалар үйінен баланы қабылдауға дайындау, барлық қажетті ақпаратты беру, ең маңызды сұрақтарға жауап алу», – деді агенттіктің психологы Ләззат Серімбетова.

Агенттікте өткен жылы денсаулығында кінәраты бар балаларды асырап алған отбасыларға оңалту және көмек көрсету бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Айтуынша, балалар үйіндегі балалар арасында ең көп таралған диагноз – баланың қатарластарынан кеш дамуы. Бірақ мамандар атап өткендей, түзету және оңалту жұмыстарынан кейін балалар сауығып кетіп жатқан жағдайлар аз емес көрінеді.

«Мекемеде 4 мыңнан астам бала тәрбиеленуде, оның 80%-ы бауырлары бар балалар, заң бойынша оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды, олар – жасөспірімдер және денсаулығы дәмкәс балалар. Өкінішке қарай, ауру

балаларды бауырына басуға ниетті немесе созан дайын адамдар көп емес. Сондықтан 2022 жылдың мамыр айынан бастап біз аурушаң балаларды оңалтуға арналған пилоттық жобаны іске қостық. Жоба аясында отбасыларға үш түрлі көмек көрсетіледі. Егер балаға операция жасау қажет болса, бұл жағдайда қор қаржыландырады. Егер одан әрі оңалту немесе түзету қажет болса, біз орталықтармен шарт жасасамыз, оның қаржыландырылуын да біздің қор төлейді», – деді Ф.Рахметова.

Көмектің үшінші түрі – жеке логопед, дефектолог, психологтың қызметтерін алу үшін төленетін атаулы көмек. Көмектің бұл түрі ауылдық жерлерде тұратын отбасыларға беріледі.

Иә, бала бағып алу оңай емес, оған үлкен жауапкершілік, дайындық, мейірім керек. Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттіктің осы мәселені тереңінен зерделеп, әуелі ата-аналардың өзін оқытып жатқаны құптарлық қадам.

«АНА ҮЙІ»

Бала асырап алуға ниетті ата-аналарды оқытатын мектеп бар

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида РАХМЕТОВА, «Ана үйі» ҚҚ Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттігінің басшысы:



Бақыт сыйлағысы келеді

Бала асырап алуға ниетті үміткерлер психологиялық дайындықтан өту үшін тікелей агенттікке немесе колл-орталықтың 1422 нөміріне хабарласа алады. Олармен жұмысты біздің психолог-мамандар жүргізеді. Диагностикалық сұхбат барысында біз әр үміткерден баланы не үшін асырап алғысы келетіндігін сұрап, ойын, себебін анықтаймыз.

Мотивтер конструктивті де, деструктивті де болуы мүмкін. Мысалы, біреу өз қажеттілігін қанағаттандыру ниетімен келетін болса, енді біреуі шын мәнінде балаға бақытты балалық шақ сыйлағысы келеді. Сондықтан біз үшін әр үміткердің мотивін анықтау өте маңызды. Осыған сүйене отырып, біз бала асырап алғысы келетін ата-анаман әрі қарай жұмыс істейміз бе, жоқ па, соны шешеміз. Өкінішке қарай, асырап алынған балалар балалар үйіне қайта оралатын жағдайлар жиі кездеседі. Себептері әртүрлі, көбінесе ересектер бөтен баланы бауырына басуға дайын болмай шығады. Қордың статистикасы бойынша, жаңа отбасы тапқан балалардың 6%-ы қайтарылған.

ЦИФРЛАНДЫРУ

QR-КОД

арқылы енді медициналық қызметтер де көрсетіледі



Денсаулық сақтау министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесіп, пациенттің QR-код арқылы медициналық қызмет алу фактісін растау жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты.

Пилоттық жобаға Астана, Алматы қалаларының және Солтүстік Қазақстан облысының медициналық ұйымдары қатысады.

Дәрігерге бару фактісін растау үшін қолданылатын QR растауы пациент пен денсаулық сақтау маманының арасындағы цифрлық өзара іс-қимылды орнату шеңберінде

қауіпсіздік пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

Пациент емханаға eGov mobile мобильдік қосымшасының көмегімен келіп, дәрігердің кабинетінде ұсынылған QR-кодты сканерлейді және оның келгенін растайды. Сондай-ақ, QR-код арқылы пациент қажетті ақпаратпен – емхананың атауымен, медициналық ақпараттық жүйенің атауымен таныса алады, дәрігерге барған күні мен уақытын, дәрігердің тегі мен атын, медициналық қызмет көрсетуге өзінің келісін және дербес деректерді жинауға және өндеуге келісін көре алады.

Азаматтың медициналық қызметті алу фактісін растаудың цифрлық құралы медициналық көмек көрсетудің ашықтығын қамтамасыз етуге, пациенттің қанағаттанушылығын бағалауға, ал ең бастысы, пациент дәрігерге іс жүзінде бармаған кезде медициналық ақпараттық жүйелердегі «тіркеулерді» алып тастауға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, медициналық мекемелердің өздері бұл жүйені медициналық көмектің сапасын бақылау және келулерді бақылау үшін қолдана алады.

Пилоттық жобаны енгізуге дайындық барысында QR-ростау бойынша алдын ала сауалнама нәтижелері ескерілгенін атап өткен жөн. Сауалнамаға 1105 пациент және 2732 дәрігер қатысқан. Сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша пациенттердің 50%-ы дәрігерге баруды растау үшін QR-кодты енгізу идеясына оң көзқарас білдірген, ал 48%-ы QR-ростау арқылы қабылдауларын бақылағысы келетінін айтқан, бұл пациенттердің оң көзқарасы мен жаңа құралды енгізуге дайындығын көрсетеді.

ЖАҢА ЖОБА

«ӘРБІР ӘЙЕЛ – ӘРБІР БАЛА»

Біздің дәрігерлер жыл сайын шала туған 20 мыңға жуық нәрестеге күтім жасайды

Әлемде жыл сайын 15 миллиондай бала шала туады. Ал біздің елде жыл сайын барлық жаңа туған нәрестелерден орта есеппен 20–22 мың бала (5%-ы) мерзімінен бұрын туады. Бұл жүктілік кезінде 36 аптадан аз және дене салмағы 2500 грамнан аз туған балалар.

Біздің мамандар 2008 жылдан бастап 500 грамнан аса төмен дене салмағымен туған нәрестелерге күтім жасай бастады. Осы салмақ дәрежесінде туған балалар ең осал болып табылады және күтім процесі барынша назар аударуды, арнайы білімді, дағдыларды, медицина қызметкерлерінің шыдамдылығын, жоғары кәсіби және моральдық қасиеттерді талап етеді. Жаңа туған нәрестенің әрбір сақталып қалған өмірінің артында кәсіпқойлар тобының орсан зор еңбегі тұр. Бағдарламаларды іске асыру мен тиімді саясаттың арқасында кейінгі 10 жылдың ішінде біздегі сәбилер өлімінің көрсеткішін 63%-ға 13,6-дан 7,68-ге дейін, неонаталдық өлімді 50%-ға 1000 тірі туғандарға шаққанда 9,0-ден 4,5-ке дейін төмендетуге қол жеткіздік және бұл көрсеткіштер Орталық Азия елдерінің арасында ең төмен болып табылады.

Дене салмағы өте төмен балалардың өмір сүру деңгейі 12%-ға өсті, шала туған нәрестелердің өлімі жалпы алғанда 2%-ға төмендеді. Қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, медициналық қоғамдастық пен

болашақ ата-аналардың басты міндеті – мерзімінен бұрын босану санын азайту. Бұл, ең алдымен, жас қыздар мен жігіттердің денсаулығына жауапкершілікпен қарауына байланысты. Саламатты өмір салтын ұстану, профилактикалық тексерулерден уақтылы өту, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың профилактикасы және контрацепция, темекі шегу, есірткі, алкоголь сияқты қауіп факторларынан бас тарту дені сау ұрпақтың кепілі болып табылады.

Одан әрі де оң нәтижелерге қол жеткізу мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын сақтау қызметін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған «ӘРБІР ӘЙЕЛ – ӘРБІР БАЛА» тұжырымдамасының жобасын әзірледі, онда жүкті әйелдер мен балаларға медициналық көмекті одан әрі жетілдіруге бағытталған бірқатар шаралар көзделген.

Дүние жүзінде 17 қарашада шала туған нәрестелер күні атап өтіледі. Бұл күнді 2009 жылы Еуропалық жаңа туған нәрестелерге күтім жасау қоры (EFCNI) құрған. Мақсаты – қоғамдағы бар проблеманы көпшілік алдында шығару және кеңінен жариялау, репродуктивтік денсаулықты нығайту мәселелерін шешу қажеттілігі, медицина қызметкерлері мен шала туған балалары бар отбасында кездесетін мәселелер, оларға қолдау мен түсіністік табуға көмектесу, үміт беру.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер,
мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Құрметті
жазылушылар,
сәттілік
тілейміз!

АКЦИЯ

«ТОҚТАҢЫЗ! БАСЫП КЕТУ ҚАУПІ БАР!»...

Ағымдағы жылдың қараша айының 6 – 17-сі аралығында ҚР ІІМ Көліктегі ПД Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасы қызмет көрсету учаскелерінде «Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар!» акциясын өткізді.

Бұл акцияның басты мақсаты – көлік объектілеріндегі жылжымалы құрамдардың адамдарды басып кету деректерінің алдын алу, сондай-ақ балаларға теміржол бойындағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін ескерту болып табылады. Акция аясында ҚР ІІМ Көліктегі ПД Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасы қызметкерлері теміржол объектілерінде, вокзалдарда жазатайым оқиғалардан жарақаттануының алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізуде.

Білім беру мекемелерінде «Полицей – дос және қорғаушы», «Темір-жол – қауіпті аймақ, абай болыңыз!» тақырыптарында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушылармен түрлі тақырыптық конкурстар өткізуде. Осыған орай, ҚР ІІМ Көліктегі ПД Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасы қала тұрғындарын, өздерінің көмелетке толмаған балаларын қараусыз қалдырмай, теміржол бойындағы жазатайым оқиғалар салдарынан жарақат алып қалмауды барынша ескертеді.

А.АҚМОЛДАЕВА,
Алматы-1 ст.ЖПБ ӘПБ аға инспекторы,
полиция майоры.

ЖОБА

ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕ БАСТАДЫ

Алматы мектептерінде енгізілген ірі жоба – «Кешенді қауіпсіздік жүйесі» деп аталады. Биылғы жылдың соңына дейін 214 мемлекеттік мектепте полицияның жедел басқару орталықтарымен интеграцияланатын «дабыл түймелерімен», өткізу жүйесімен (турникеттер), өрт қауіпсіздігі жүйесімен, бейнебақылау камераларымен жабдықталған кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізілетін болады.

Бұл жоба жалпы құны 4,9 млрд теңге болатын үш жылдық сервистік модель шеңберінде қаржыландырылып отыр. Бұл ретте Алматыдағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау камераларымен жабдықталып, камералар мен дабыл түймелері жергілікті полиция бөлімдеріне тікелей қосылды. Сонымен қатар, 120 білім беру ұйымында турникеттер орнатылса, қазіргі таңда тағы да 94 білім беру ұйымында конкурстық рәсімдер өткізіліп жатыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Құрметті алматылықтар, 2023 жылғы 30 қарашада сағат 10.00-де сіздерді «Қала құрылысын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, тарихи құрылыс аудандарында қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау жөніндегі жұмыстар» тақырыбы, оның ішінде келесі полиорталықтар:

1. «Шығыс қақпасы» полиорталығы;
2. «Оңтүстік-Батыс» полиорталығы;
3. «Тарихи орталық» полиорталығы;
4. «Солтүстік» полиорталығы;
5. «Батыс» полиорталығы бойынша қоғамдық талқылауларға қатысуға шақырамыз.

Орны: Абай даңғылы, 90 («Алматы бас жоспары» ғимараты, 1-2 қабаттар).
Кіру – еркін.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. 2023 жылдың 9 айында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша 70 профилактикалық іс-шара өткізілді.

Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми сайтында www.gov.kz Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтарды жеке қабылдауға жазылу үшін телефон нөмірлері көрсетілген азаматтарды жеке қабылдау кестесі, сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкіл туралы мәліметтер жарияланды.

Қолжетімді орындарда орнатылған стендтерде Департаменттің «сенім телефондарының» нөмірлері және байланыс телефондары мен электрондық мекенжайы көрсетілген Әдеп жөніндегі уәкілдің деректері орналастырылған. Шағымдар мен ұсыныстарға арналған арнайы жәшіктер орнатылды.

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жұмысының ашықтық және жариялылық қағидаттарын сақтау мақсатында, азаматтардың, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының Департамент жүргізетін аудиторлық іс-шараларға қол жеткізу мүмкіндігі негізінде бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде және Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің сайтында бюджеттік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар нормалары және өзге де заңнамалар үнемі жарияланып отырады. 2023 жылдың 9 айында Департаменттің қызметі туралы 53 мақала жарияланды.

Қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне мониторинг жүргізу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл жарты жылда бір рет Департамент қызметкерлеріне анонимді сауалнама жүргізеді.

Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты адамдармен мемлекеттік аудит объектісіне шыққанға дейін техникалық оқуды тіркеу журналына қол қойғызып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуы туралы нұсқама жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметке кірер алдында кандидаттарға Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат органдарына оларды қандай да бір жауапкершілікке (қылмыстық, әкімшілік) тарту туралы сұрау салулар жіберіледі.

Жыл сайын жартыжылдық қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және Департамент қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген мониторингтің нәтижелері Департаменттің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдардың қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған белгілі бір шараларды тұрақты, жүйелі негізде қабылдағанын куәландырады.

Р.ДИЛЬДАЕВ,
Департамент басшысы.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 707 157 36 64** «жедел желі» жұмысы іске қосылды.
Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Жүргенов к-сі, 9/11, 4-қабат, 13-кеңсе.

«Алматы Спецтехпаркинг Сервис» ЖШС (Aparking) төлемдерді қабылдауды 16.07.2023 жылдан бастап тоқтатқанын хабарлайды. Aparking қосымшада қаражатты қайтару туралы өтініштерді және пайдаланылмаған кезеңіндегі абонементтерді almatyparking@bk.ru электрондық поштасы арқылы қабылдайды немесе Алматы қаласы, Байсейітова көшесі, 40.



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – 30

КОКВОРИ

инвестициялық монеталары



Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі мен Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдастыруымен «Қазақстанды монеталар арқылы таны» атты көрме ашылды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Көрме еліміздің ұлттық валютасының енгізілгеніне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған. Бұл экспозиция Қазақстанның ұлттық валютасы айналымға енгізілген сәттен бастап шығарылған бірегей монеталарды ұсынды. Экспонаттар мәдени, саяси және тарихи сәттерді қамтиды. Бұл жәдігерлер көрермендерге қазіргі қоғамның өміріне әсер еткен бірегей тарихи оқиғалармен танысуға мүмкіндік береді. Монеталар көрермендерге халқымыздың мәдениетін,

әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін паш ете отырып, коллекциялық монеталарға қазіргі заман тұрғысынан жаңаша көзқарас танытатындай. Егеменді жас мемлекеттердің қатарына қосылған еліміз бен халқымыз Ұлы даланың бай тарихының ұрпағы әрі мұрагері десек, қателеспейміз. Біздің жылнамамыз ержүрек көшпенділер, ежелгі сақтар дәуірінен, жартастарға алғашқы петроглифтерді қалдырған қолөнершілерден бастау алады. Бұл – әлемдік тарихтың орасан зор бөлігі.

– Сол заманнан бастап соғылған көне теңгелер бүгінгі күнге дейін жеткен. Олар көне дәуірдің сырын ашып қана қоймай, Ұлттық банк дизайнерлерін өткен дәуірлердің түсі мен рухын, сондай-ақ заманауи инновациялық технологиялардың күші мен мәнерлілігін бойына сіңіретін заманауи монеталарды жасауға шабыттандырды. Оларды пайдалану нәтижесі суретшілердің түпкі ойын толығымен жүзеге асыруға және монеталардың мәнерлілігі мен сұлулығына қол жеткізуге мүмкіндік берді, – дейді көрме жетекшісі Ақжігіт Нүсіп.

Көрмеде жаңа КОКВОРИ инвестициялық монеталары таныстырылды. Қазіргі уақытта инвестициялық монеталар нарығындағы жаһандық үрдістер дизайны айрықша коллекциялық және сыйға тартылатын монеталарға бағытталған. Осыған орай, Қазақстанның инвестициялық монеталар нарығын өзектендіру, оларды танымал ету және халықаралық нарықта ілгерілету мақсатында Қазақстан Ұлттық банкі ALTYN BARYS және KUMIS BARYS атты инвестициялық монеталарына ребрендинг жасады.

Жаңа КОКВОРИ инвестициялық монеталарында «Көшпенділердің қасиетті жануарлары – тотемдері» атты монеталар сериясының дизайн стилі пайдаланылған, олардың жоғары танымалдылығы қысқа мерзімде Қазақстанның «тотемдік» инвестициялық монеталарының өзіндік бірегей брендин жасайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жаңа банкноттар:

«САҚ СТИЛІ»

Қазақстан қаржыгерлерінің
ХІ Конгресінде Ұлттық Банк ұлттық
валюта банкноталарының жаңа
сериясын таныстырды

Негізінен, ұлттық валютамыз – Теңге банкноталары 1993 жылдан бастап айналымға шықты. Алғашқы серия – «Портреттер» сериясы деп аталды. 2-ші серия – 1993 жылдан 2003 жыл аралығында шығарылған «Әл-Фараби» сериясы; 3-ші серия – 2006 жылғы «Бәйтерек» сериясы; 4-ші серия – 2011 жылдан 2022 жыл аралығында шығарылған «Қазақ Елі/Самұрық» сериясы; Ал бұл 5-ші серия – 2023–2025 жылдар аралығында шығарылуы жоспарланған «Сақ стилі» сериясы. Биылғы серия «Сақ стилі» элементтеріне негізделген және Қазақстанның мұрасын бейнелейді.

Қатар айналым кезеңінде ескі және жаңа банкноталар заңды төлем құралы болып табылады. Олар барлық төлем мен аударымдар бойынша қабылданады. Ұлттық Банктің, «Қазпошта» АҚ мен ЕДБ-нің барлық филиалдарында шектеусіз ұсақталады және айырбасталады. Қатар айналым кезеңі аяқталғаннан кейін барлық банк пен «Қазпошта» АҚ тағы 3 жыл ішінде ескі үлгідегі банкноталарды жаңа үлгідегі банкноталарға айырбастайтын болады. Осы 3 жыл өткеннен кейін Ұлттық Банктің филиалдары ескі дизайн банкноталарын мерзімсіз айырбастауды жалғастырады.



Шығарылым теңгенің қорғау дәрежесін арттыруға және елдің мәдени құндылықтары мен тарихын дәріптеуге бағытталған.

Жаңа банкноталар сериясы дайын болған кезде айналымға енеді. Ұлттық Банк «Сақ стилі» жаңа сериясын айналымға кезең-кезеңімен шығаруды жоспарлап отыр. Номиналы 5000 теңгелік жаңа дизайн үлгісіндегі алғашқы банкноталар осы жылдың соңына дейін, 10 000 теңге – 2024 жылғы көктемде, 2000 теңге – 2024 жылғы жазда, 1000 теңге – 2024 жылғы күзде, 20 000 теңге мен 500 теңгелік жаңа сериялар – 2025 жылы қолданысқа шықпақ.

Жаңа дизайндағы банкноталар айналымға шығарылғаннан кейін алдыңғы үлгідегі банкноталар біртіндеп айналымнан алынады. Бұл кезең халыққа еш әсер етпейді. Сонымен қатар, Ұлттық Банктің филиалдары ескі үлгідегі банкноталарды жаңа үлгідегі банкноталарға мерзімсіз айырбастайтын болады. Ұлттық Банк ескі және жаңа үлгідегі банкноталардың 1 жыл қатар айналым кезеңін бекітеді. Ол қажеттілігіне қарай ұзартылуы мүмкін.

Жаңа банкноталар сериясы сақ мәдениетіне, олардың кең байтақ даламыздың табиғаты мен жануарлар әлемімен байланысына арналған. Номиналы 5000 теңгелік банкнота үшін бүркіт шексіз еркіндік, күш пен ептілік символы ретінде айқындалды. Банкнотада бейнеленген жәдігерлер де осы құсты қастерлеп, оны аңшылық кәсібінде пайдаланған ата-бабалардың пайымын білдіреді. Көптеген бұйым бастапқы күйінде сақталған және ежелгі қорғандарға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған. Жиі бейнеленетін жануарлардың бейнесі Қазақстанда осы күнге дейін мекендейді. Сондықтан жаңа серияда әр номиналға Қазақстан аумағында қазіргі таңда да мекендейтін, қазба жұмыстары кезінде табылған жекелеген жануарларға арналады.

Жаңа банкноталар төлемнің барлық түрі бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында номиналды құнына қарай қабылданады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: <https://nationalbank.kz>).

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 500,78 теңге



USD/KZT 461,55 теңге



RUB/KZT 5,19 теңге



CNY/KZT 63,68 теңге